



№ 27 (9112),
жұма, 17 шілде
2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ҚҰРЫЛТАЙ | 23 тамыз



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының биылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртараптандыру жоспарымен танысты.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады. Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 9,8 пайызға, көлік саласы – 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға артты. Сондай-ақ сауда-саттықта – 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында – 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз

өсім тіркелді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 триллион теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді. Биыл өңдеу секторында 1,7 триллион теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады. Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты. Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 триллион теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды. Шаруаларды қолдауға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартуға септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады. Президентке әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгеден аса қаржы үнемделді.

Кездесуде жылыту маусымына дайындық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өткен маусымның қорытындысы бойынша бес жылу электр орталығы аса жоғары тәуекелдің «қызыл» аймағынан шығарылып, үш ЖЭО «жасыл» аймаққа ауыстырылды. Биылғы жөндеу жұмыстары 9 энергия блогын, 55 қазандықты және 51 турбинаны қамтиды. Аталған мақсатқа 384 миллиард теңге бөлінген. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жыл соңына дейін 12 мың шақырым инженерлік желі жөнделді.

Президентке цифрландыру және ұлттық AI инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет ұсынылды. Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасын іске асыру мақсатында әлемдік IT көшбасшыларымен бірге қуаты 250 MВт болатын инфрақұрылым жасақталатынын айтты. Шетелден тартылған инвестиция көлемі 10 миллиард доллардан асты.

Мемлекет басшысына туризм инфрақұрылымын жаңғырту жайында есеп берілді. Алматы тау кластерін дамыту туризм саласының ІЖӨ құрылымындағы үлесін арттырады. Алматы SuperSki жобасының құрылысы жандана түсті: 60 шақырым трасса құрылысы аяқталғанда тәулігіне 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Нысанды пайдалануға беру 2028 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Еліміз «Болашақ ойындары-2026» жарыстарын өткізуге дайын.

Мемлекет басшысы жаңа Конституцияға сай қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар болды. Заңнаманы Ата заңға сәйкестендіру, «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайту, әлеуметтік саясатты жетілдіру, Алатау қаласын қарқынды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендету бағытындағы жүйелі қадамдарды жалғастыруды тапсырды. Үкіметке әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алу міндеті жүктелді. Бұл бастама ел азаматтарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуға тиіс. Заманауи денсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше назар аударылады.

akorda.kz

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАТАР ӘМІРІ ШЕЙХ ТӘМИМ БЕН ХАМАД ӘЛ ТӘНИМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тәним бен Хамад Әл Тәниге және оның әулетіне Әмір-Әке шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің дүниеден озуына байланысты көңіл айту үшін Дохаға барды. Президент қуатты әрі өркендеген Қатар Мемлекетін құруға шейх Хамадтың елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Ол көрнекті мемлекет қайраткері әрі қазақ халқының досы еді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-қатар қарым-қатынасының қалыптасып, табысты дамуына шейх Хамад бен Халифа Әл Тәни зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Әмірді 1999 жылы сәуірдегі бірінші сапары кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат ведомствосының басшысы қызметінде қарсы алған. Мемлекет басшысы шейх Хамадтың қолдауымен Астанада алғашқы еңселі әл-Фараби мешіті бой көтергенін, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асқанын ризашылықпен еске алды.

– Есындай қаралы сәтте Алла Тағаладан марқұмның жаны жәннатта болуын сұрап, дұға етеміз, – деді Қазақстан Президенті. Қатар Әмірі шейх Тәним бен Хамад Әл Тәни арнайы қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл Қатар мен Қазақстан халықтарының бауырластық байланыстарының айрықша сипатын көрсететіне назар аударды.

Қатар тарапының бастамасымен мемлекеттер басшылары қазіргі халықаралық ахуал, соның ішінде Таяу Шығыстағы жағдай туралы пікір алмасты.

Президент Қатар Әмірін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақыратынын растады. Шейх Тәним бен Хамад Әл Тәни шақыруды ықыласпен қабыл алды.



akorda.kz

ЖЕТІСУДА БАЛАЛАР ҚАУПСІЗДІГІН ҚАДАҒАЛАУ МЕН ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КҮШЕЙТІЛУДЕ



Жетісуда облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовтің төрағалығымен кеңейтілген кеңес өтіп, онда өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кеңеске құқық қорғау органдарының, прокуратураның, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының басшылары, сондай-ақ өңірдегі барлық қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиында айтылғандай, өңірде жуырда Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы құрылған. Басқарманың негізгі міндеті – түрлі мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестірумен ғана шектелмей, мемлекеттік саясатты жергілікті жерде тиімді іске асырып, әр бала үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру.

Кеңес жұмысына бейнебайланыс арқылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина қатысты. Ол заңнамаға енгізілген жаңа өзгерістер мен еліміздің барлық өңірінде міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс басым бағыттарға тоқталды.

Бұл ретте мектептердегі психологиялық қолдау жүйесін реформалау туралы кеңінен баяндалды. Бұл бастама мамандардың еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуға және олардың кәсіби ынтымағын арттыруға бағытталған. Юлия Овечкинаның айтуынша, 2027 жылғы 1 қыркүйектен бастап әрбір педагог-психологтың мектепте өзіне бекітілген жұмыс сағаттары болады және олардың жалақысы ұлғайтылады. Сондай-ақ осы бастама аясында психолог 5-8-сынып оқушыларына ай сайын бір профилдік сабақтан өтеді. Ал жоғары сынып оқушылары үшін айына екі сағаттық психологиялық қолдау қарастырылған. Бұл жасөспірімдерге неғұрлым жан-жақты әрі мақсатты көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Өңірлік басқару мәселелеріне тоқталған Юлия Овечкина облыста Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының құрылуы барлық жауапты мемлекеттік органдарға үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өтті. Оның айтуынша, балалардың құқықтарының бұзылуына қатысты барлық мәселелер жедел түрде қаралуы және тиісті шара қабылдау үшін осы басқармаға жолдануы тиіс.

– Жаңа талаптарға сәйкес әрбір әкім мен әлеуметтік мәселелерге жетекшілік ететін әкімнің орынбасары тәуекел тобындағы балалардың тізімін жеке бақылауында ұстауға міндетті. Бұл жұмыс барынша жауапкершілікпен атқарылуы тиіс және формальды көзқарасқа жол берілмейді. Сонымен қатар қорғаншылық және қамқоршылық органдары жаңа құрылған Балалардың құқықтарын қорғау басқармасының қарауына беріледі. Олардың өкілеттігі кеңейтіліп, әрбір балаға жеке әрі нақты қолдау көрсетуге мүмкіндік жасалады, – деді Юлия Овечкина.

Маңызды талаптардың бірі – балаларды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алған отбасыларға тұрақты түрде аудит жүргізу. Мамандар мұндай отбасылардың үйлеріне жылына кемінде екі рет барып, жағдайын бақылауы тиіс.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша осы жылдың басында бекітілген «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы негізгі стратегиялық бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл құжат – кешенді жол картасы. Онда жоспарланған 158 іс-шараның шамамен 70-і жергілікті атқарушы органдардың міндетіне тікелей жүктелген. Аталған бағыттар балалардың базалық физикалық қауіпсіздігі мен білім алуынан бастап, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау шараларына дейінгі барлық маңызды салаларды қамтиды.

Кеңес қорытындысы бойынша Жетісу облысында балаларды қорғау жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар мақұлданды. Жауапты мемлекеттік органдарға қысқа мерзім ішінде бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеп, оның әр тармағының орындалуын бақылауға алу тапсырылды. Себебі балалардың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып қала береді.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСҮ ОБЛЫСЫНА – 4 ЖЫЛ: РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОЛДАР 100% ЖӨНДЕЛДІ, 38 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ 150 КМ ЖОЛДА ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірдегі республикалық маңызы бар автомобиль жолдары 100% жөндеуден өтті. Сонымен қатар қазіргі уақытта облыстық маңызы бар 150 шақырым жолға және облыстың 38 елді мекеніндегі 230 шақырым көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көлік инфрақұрылымын жаңғырту аясында жалпы ұзындығы 30 шақырымды құрайтын «Жансүгіров – Ақсу» облыстық маңызы бар автомобиль жолында орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда. Аталған жол учаскесіне соңғы 30 жыл бойы күрделі жөндеу, құрылыс немесе қайта жаңғырту жұмыстары мүлде жүргізілмеген.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары

басқармасының мәліметінше, бұл жолдағы орташа жөндеу жұмыстары 2024 жылы басталған. Жобаны жүзеге асыруға қажетті қаражат облыстық бюджеттен бөлінді.

– Ең алдымен су бұру мәселесі шешілді. Жоспарланған 13 су өткізу құбырының барлығы бүгінгі күнге дейін толық орнатылып, пайдалануға дайын. Қазіргі уақытта жолға асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде трассаның 11 шақырымына толықтай асфальт төселді. Бұл учаскеде жол жиегін нығайту жұмыстары атқарылып жатыр. Одан кейін мамандар жаңа жол белгілерін орнатып, жол таңбаларын сызуға кіріседі. Қалған 20 шақырым жолды биылғы жылдың қазан айының соңына дейін толық асфальттау жоспарланған. Ал қараша айында нысан барлық қажетті инфрақұрылымымен бірге пайдалануға беріледі. Сонымен қатар биыл «Ақсу – Қаракөз» автомобиль жолына жөндеу жұмыстары басталды. Сондай-ақ Ақсу ауылынан Ойтоған ауылына дейінгі 20 шақырым жолға да жөндеу жүргізілуде. Бұл нысандар келесі жылы пайдалануға беріледі. Жалпы, биыл Ақсу ауданында шамамен 40 шақырым жол учаскесі жөндеумен қамтылды, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Айдос Досжанов.

Атап өтсек, «Жансүгіров – Ақсу» облыстық маңызы бар автомобиль жолын жаңарту – өңірдің көлік инфрақұрылымын жүйелі түрде дамыту жұмыстарының бір бөлігі ғана.

Соңғы жылдары өңірдегі республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 100 пайызы толық жөнделіп, жаңғыртылды. Атап айтқанда, «Талдықорған – Үшарал – Достық» және «Сарыөзек – Қорғас» бағыттарындағы жолдар жаңартылды.

«Алматы – Талдықорған» автожолының ұзындығы 21 шақырым болатын учаскесінде күрделі жөндеу жүргізілуде. Жоба биылғы жылдың соңына дейін толық аяқталады.

Алматы облысының шекарасынан Талдықорған қаласына дейінгі, оның ішінде қаланың айналма жолын қамтитын 158 шақырым автожол 2027 жылдың соңына дейін толық қайта жаңғыртылады.


Ал ұзындығы 40 шақырым болатын «Талдықорған – Үштөбе» автожолының учаскесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар биылғы қыркүйек айында аяқталады.

Осылайша, биылғы жылдың қорытындысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 96 пайызға жетіп, бұл көрсеткіш елдегі ең жоғары деңгейлердің бірі болмақ.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков, сол сияқты фотосурет облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды (фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев).

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК



Сыбайлас жемқорлық - бүгінгі таңда көптеген елдерде кенінен бел алып қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Оның кез келген көріністері қоғамның барлық саласына өзінiң келеңсіз әсерін тигізеді. Ал осы көріністерді туындатқан салдарлар мемлекеттік үдерістің қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ, мемлекет билігінің беделіне нұқсан келтіреді. Құқықтық демократиялық мемлекет құрудың принциптерін бұзып ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп туғызады.

Сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға болмайды, өйткені бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана. Қазіргі сыбайластық - өзінің жеке мүддесі үшін

заңды айналып өту жолымен материалдық және заңдық артықшылықтар алу. Ол мемлекеттік билік пен басқару органдарында неғұрлым қауіпті, мұндай жағдайда әкімшілік ресурстар мен әр түрлі қылмыстық құбылыстар өз-өзінен ұласып кетіп барады.

Біз күнделікті қызмет барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарының қойылған талаптарын қатаң сақтап, мүлтіксіз орындап, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің оны бұзуына жол бермеуіміз керек. Елдігімізге мемлекеттік құрылысқа елеулі қатер төндіріп отырған сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда қауіпті әлеуметтік құбылысқа айналып отыр.

Осындай келеңсіз құбылыстармен бітіспес күрес жүргізу тек мемлекеттік органдардың, құқық қорғау немесе сот міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады. Осы тұста айта кететін мәселе ол тұрғындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы сауатының кемшік түсіп жатуынан. Сыбайлас жемқорлық сияқты ауыр қатерді тек мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күш-жігерімен ғана емес, азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп жеңу керек. Осы жағдайға байланысты қазір бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізіліп жатқаны туралы хабарланып отыр. Сонымен қатар ақпарат құралдарында, инстаграм желісінде сенім телефондары жарияланып тұрады. Қазіргі таңда мемлекет басшысының бастамасы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Осы саясатты ұстанып басқармада Заң талаптарына сай жыл басында іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға сай біршама жұмыстар атқарып келеді. Мекемемізде семинарлар, кездесулер, БАҚ-та материал жариялау арқылы түсіндірме жұмыстары дәстүрлі түрде жүргізіледі. Сонымен қатар басқармада сенім телефоны 8 /72836/3-92-49 жұмыс істейді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халық даналығы айтқандай біз мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясатты жақтап, оның орындалуына басты себепкерміз. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бұл үздіксіз процесс. Сондықтан алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлықпен күресті пәрменді жүргізе береміз.

Е.К.Сейсембинов ,
Ескелді аудандық СЭБ басқарма басшысы
А.М.Бабаева.
Ескелді аудандық СЭББ бас маман

ЖЕТИСҮДА 43 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА



Жетісу облысында 2026 жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 103,7%-ды құрады. Экономикалық өсімде негізгі үлес өнеркәсіп, көлік және қоймалау, байланыс қызметтері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы салаларына тиесілі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне қарағанда, бұл динамика 2025 жылы аяқталған республикалық ірі инфрақұрылымдық жобалардың, яғни «Достық-Мойынты» теміржолының, «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры мен Достық өткізу пунктінің құрылысы, сондай-ақ «Талдықорған-Үшарал» және «Сарыөзек-Қорғас» жолдарын жөндеу жұмыстарының аяқталуы әсерінен, яғни жоғары базаның арқасында қалыптасты. Нақтыланған жоспарға сәйкес жыл соңына дейін бұл индикаторларды орындауға толық мүмкіндік бар.

Бүгінде облыста жалпы сомасы 129 млрд теңгеге 43 инвестициялық жоба іске асырылуда. Олардың ішінде ірілерін атап өтсек, Ақсу, Көксу қант зауыттарын жаңғыртудың нәтижесінде олардың өндірістік қуатты жылына 950 мың тоннаға дейін ұлғайтылады, қуаты жылына 20 мың тонна арматура өндіретін «Steelers» зауыты және кофе-шай суындарын шығаратын MacCoffee зауыттары іске қосылады.

Жыл соңына дейін Көксу және Қора өзеніндегі бірқатар су электр станциялары, «Қойлық» ГЭС-і және Талдықорған, Текелі қалаларында жалпы қуаты 137 МВт / 118 Гкал/сағ болатын газтурбиналық станциялар кезек-кезеңімен іске қосылады.

Бұдан бөлек, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын қоса алғанда, ірі инфрақұрылымдық жобалар іске қосылады. Күзде қуаты 49 Гкал/сағ қазандықтың және Талдықорған қаласының оңтүстік-батыс тұрғын үй ауданындағы жылу желілерінің құрылысы аяқталады. Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының 84 елді мекенінде газ тарату желілерін тарту жұмыстары басталады. Бұдан басқа, «Алтынкөл – Жетіген» темір жол учаскесін және «Алматы – Талдықорған» автомобиль жолын қайта жаңарту жұмыстары аяқталады.

Туризмді дамыту мақсатында Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауында инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар кешені іске асырылуда, оның ішінде жағалауды нығайту бөгеттері мен көріз тазарту қондырғыларының (КОС) құрылысы бар.

Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды (фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев)

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӘДЕП КОДЕКСІ-МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНҒА ДЕГЕН СЕНІМ КЕПІЛІ

Еңбек объектісі адамның өзі болып табылатын кәсіптік қызмет түрлерінің алуан түрлілігі этикалық нормаларды әзірлеуді талап етті. Мемлекеттік қызметшінің әдебі – бастауы мемлекеттіліктің қалыптасуынан бастау алатын қызметтік этика түрлерінің бірі. Этиканың бұл түрінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі мемлекетпен және оның азаматтарымен ерекше қарым-қатынастары мен міндеттерімен анықталады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалар бойынша мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық қасиеттеріне қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ олардың жүріс-тұрысының негізгі стандарттарын белгілейді. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларын болдырмауға бағытталған.

Демократиялық қоғам мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттері мен жүріс-тұрысының еш кінәратсыз болуын қамтамасыз етуі керек. Дамыған елдер мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен мінез-құлық кодексін ерекше маңызды сала ретінде мойындады.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы – белгілі бір қоғамға жататын неғұрлым саналы және нақтылардың жиынтығын білдіретін, мемлекеттік қызметші қатынастарындағы мінез-құлық нормаларының, іс-әрекеттер мен ережелердің тәртібінің, қатынастары мен принциптерінің жүйесі, жалпы адамзаттық мораль.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілер басшылыққа алуға тиіс Әдеп кодексі жалпы қабылданған моральға сүйеніп қана қоймайды, сонымен қатар оның талаптарын олардың қызметтік қызметінің ерекшеліктеріне, оларға жүктелетін міндеттері мен өкілеттіктеріне сәйкес нақтылайды. Мемлекеттік қызметші этикасының мәні де осында. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Е.К.Сейсембинов ,
Ескелді аудандық СЭБ
басқарма басшысы
А.М.Бабаева.
Ескелді аудандық СЭББ бас маман

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

О ВКЛЮЧЕНИИ ГРАЖДАН В СПИСКИ ИЗБИРАТЕЛЕЙ

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Списки избирателей по месту жительства составляют местным исполнительным органом.

В списки избирателей включаются граждане Республики Казахстан, достигшие на день голосования 18-летнего возраста, обладающие активным избирательным правом и зарегистрированные по месту жительства на территории соответствующих избирательных участков.

Временно зарегистрированные граждане включаются в списки избирателей на основании поданного ими заявления в местный исполнительный орган не позднее чем за тридцать дней до дня голосования или до 23 июля 2026 года.

Акимат организует включение гражданина в список избирателей того избирательного участка, на котором он будет голосовать, и исключение его из списка избирателей по месту регистрации.

Гражданин может быть включен только в один список.

С 7 августа 2026 года избирателям будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на конкретном избирательном участке через интернет-ресурс или колл-центр соответствующего акимата.

Для удобства избирателей посредством электронных сервисов будет организовано оповещение об избирательном участке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ НА ПРАВО ГОЛОСОВАНИЯ

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Граждане Казахстана голосуют по месту жительства на территории соответствующего избирательного участка.

При перемене места своего пребывания за пятнадцать дней до голосования или с 7 августа 2026 года избиратель, по письменному заявлению в участковую избирательную комиссию по месту жительства и по предъявлении документа, удостоверяющего его личность, может получить открепительное удостоверение на право голосования.

Выдача открепительных удостоверений прекращается в восемнадцать часов по местному времени дня, предшествующего дню голосования или 22 августа 2026 года.

Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

Нотариальное удостоверение доверенности не требуется.

В случае утраты открепительное удостоверение не восстанавливается и его дубликат не выдается. Открепительное удостоверение на право голосования не выдается избирателям, желающим участвовать в голосовании на другом избирательном участке в пределах одного населенного пункта.

При голосовании на избирательном участке по месту пребывания участковая избирательная комиссия в день голосования включает избирателя в список избирателей на основании документа, удостоверяющего его личность, и выдает бюллетень для голосования взамен открепительного удостоверения.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

Алдағы Құрылтайға қатысты сайлау – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға.

Аумақтық сайлау комиссиясы сайлау науқанын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде, сайлау үдерісінің ашықтығы, заңдылығы және жариялылығы қамтамасыз етіледі.

Сайлаушылар тізімін өзектендіруге ерекше назар аударылуда. Белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзінің тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілгенін алдын ала тексеруге және қажет болған жағдайда деректерін нақтылау үшін жергілікті атқарушы органға немесе тиісті сайлау комиссиясына жүгінуге құқылы.

Барша азаматтарды белсенді азаматтық ұстаным танытып, сайлаушылар тізіміндегі өз деректерін алдын ала тексеруге және сайлауға қатысуға шақырамын.

Р.Жексенбеков ,

Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес.Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың,дара кәсіпкерлердің,азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние– байлық неге керек, денсаулығың болмаса,Төрелігің неге керек,халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен . Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда белгіленген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндетті санайды.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы да сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесін қатан бақылауда ұстайды

А.С. Киялбекова,

Ескелді аудандық қазынашылық

басқармасының басшысы

НАШАҚОРЛЫҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – нашақорлық. Бұл тек жеке адамның денсаулығына зиян келтіретін әдет емес, тұтас қоғамның дамуына кері әсер ететін әлеуметтік дерт. Есірткіге тәуелділік адамның өмірге деген қызығушылығын жойып, арман-мақсатынан алыстады. Оның салдары отбасының берекесінің кетуіне, қылмыстың көбеюіне және қоғамдағы тұрақтылықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Өкінішке қарай,

нашақорлықтың құрбандарының арасында жастардың үлесі аз емес. Кейбіреулер есірткіні қызығушылықпен немесе құрбы-құрдастарының ықпалымен қолданып көреді. Алайда уақытша сезілетін әсердің артында денсаулықтың нашарлауы, психологиялық тәуелділік және өмірлік мүмкіндіктерден айырылу сияқты ауыр салдар жатады. Есірткі адамды еркінен айырып, оның болашағына қауіп төндіреді.

Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – алдын алу. Отбасындағы дұрыс тәрбие, мектептегі сапалы білім мен түсіндіру жұмыстары, сондай-ақ спорт пен шығармашылыққа қызығушылық жастарды зиянды әдеттерден сақтауға көмектеседі. Әрбір жас өз ортасын дұрыс таңдап, денсаулығы мен болашағына жауапкершілікпен қарауы қажет.

Нашақорлықпен күрес тек заңның күшімен ғана шектелмеуі керек. Бұл – ата-ананың, мұғалімнің, дәрігердің және жалпы қоғамның ортақ міндеті. Жастарға сенім артып, оларды қолдап, өмірдің қиындықтарын заңды әрі қауіпсіз жолмен еңсеруге үйрету маңызды.

Денсаулық – адамға берілген ең қымбат байлық. Оны ешбір уақытша қызығушылыққа айырбастауға болмайды. Әрбір жас есірткіден бас тартып, білімге, еңбекке және салауатты өмір салтына ұмтылғанда ғана еліміздің болашағы жарқын болады. Ұлттың күші – дені сау, білімді әрі саналы жастарда. Сондықтан нашақорлыққа «жоқ» деп айту – өз өміріңді, отбасыңды және болашағыңды қорғаудың ең дұрыс таңдауы.

М.Серік

Бақтыбай ауылдық округі әкімінің

аппараты ММ-нің жетекші маманы

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ — ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Бүгінгі таңда ел игілігі үшін жасалып жатқан реформалардың ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласы ерекше орын алады. Себебі, кез келген азаматтың күнделікті өмірі - тұрғылықты мекенжай, жер қатынастары мен әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге дейінгі кезеңдер — осы саламен тікелей байланысты. Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызмет алу үдерісі қалай өзгерді және жергілікті деңгейде халыққа қызмет көрсету сапасы қалай артуда? Сандық технология — уақыт талабы

Бұрын қандай да бір анықтама немесе құжат алу үшін ұзын-сонар кезекке тұрып, бірнеше мекеменің есігін қағу әдеттегі көрініс еді. Бүгінде бұл үрдіс тарих қойнауына еніп барады. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматқа көшірілді. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін үйден шықпай-ақ, eGov.kz пор-

талы немесе смартфондағы мобильді қосымшалар арқылы санаулы минутта алуға болады. Бұл — уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың ең тиімді жолы. Азамат пен шенеунік арасындағы тікелей байланыстың шектелуі ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етіп отыр. Жергілікті деңгейдегі қызмет: Төлеңгіт ауылдық округі Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі тек ірі қалалармен шектелмейді. Мемлекеттік органдардың халыққа ең жақын буыны — ауылдық округ әкімдіктерінде де бұл жұмыс жүйелі жолға қойылған. Мәселен, «Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі тарапынан азаматтардың ең маңызды сұраныстарына жауап беретін арнайы 5 мемлекеттік қызмет түрі тікелей көрсетіледі. Ауыл тұрғындары үшін аса маңызды болып табылатын жер қатынастары мен мүлктік құқықтарды реттеу

бағытындағы бұл қызметтер бюрократиялық кедергісіз, заң аясында нақты мерзімдерде орындалады.

«Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері:

1. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»;
2. «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»;
3. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»;
4. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»;
5. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

Сапа мен қолжетімділік — басты меже

Округ деңгейінде көрсетілетін қызметтердің басым бөлігі тікелей жер телімдеріне қатысты болғандықтан, әрбір өтініштің ашық әрі әділ қаралуы — басты назарда. Бұл бағытта «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы іс жүзінде көрініс тауып, ауыл тұрғындарының құқықтық сауаттылығы мен мемлекеттік қызметке деген сенімі артып келеді.

Түйіндей айтқанда, мемлекеттік қызметтің сапасы — мемлекеттің өз азаматтарына деген құрметінің айнасы. Төлеңгіт ауылдық округінде атқарылып жатқан осындай нақты істер ауыл өмірін жеңілдетуге және заман ағымына сай сапалы дамуға бағытталған.

О СТАРТЕ ПРИЕМА ЗАЯВЛЕНИЙ НА ПРИСУЖДЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ГРАНТОВ НА EGOV.KZ И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

С 13 июля в мобильном приложении eGov Mobile и на портале eGov.kz начинается прием заявлений на участие в конкурсе на присуждение образовательных грантов. Подать документы онлайн можно с 09:00 13 июля до 18:00 20 июля. В этом году услуга обновлена, теперь система автоматически проверяет, присужден ли поступающему государственный образовательный грант вне конкурса.

Проверка выполняется автоматически на основании сведений Национального центра тестирования. Если поступающему уже присужден государственный образовательный грант вне конкурса, система уведомит об этом при подаче заявления. Повторно подавать заявление через eGov.kz или eGov Mobile не потребуется. Остальные абитуриенты подают заявление в общем порядке. Если абитуриент относится к льготной категории, соответствующий статус указывается при подаче заявления и подтверждается автоматически.

Чтобы подать заявку онлайн, пользователю необходимо:


- авторизоваться на портале eGov.kz и открыть раздел «Гражданам» – «Образование» – «Высшее образование»;
- выбрать услугу «Присуждение образовательных грантов, а также оказание социальной поддержки обучающимся в организациях высшего и (или) послевузовского образования»;
- нажать «Заказать услугу онлайн»;
- заполнить обязательные поля и подписать запрос одним из доступных методов подписания;
- отслеживать статус в личном кабинете – уведомление об обработке заявки появится в разделе «История получения услуг».

Подача заявления через мобильное приложение eGov Mobile осуществляется аналогичным образом. В период приема заявлений при высокой нагрузке портал eGov.kz распределяет поток пользователей через электронную очередь. После входа в очередь система автоматически предоставит доступ к услуге, когда подойдет очередь пользователя. Чтобы не отслеживать ее вручную, можно отметить чек-бокс «Уведомить меня по SMS о приближении очереди». Уведомление поступит с номера 1414 на номер мобильного телефона, зарегистрированный в базе мобильных граждан. Если номер отсутствует в базе, его можно указать вручную. Во время ожидания не рекомендуется закрывать или обновлять вкладку браузера, иначе место в очереди будет потеряно. После подачи заявления абитуриент получает электронную справку об участии в конкурсе на присуждение образовательного гранта в Личном кабинете на eGov.kz.

По итогам конкурса абитуриент получает электронный сертификат о присуждении образовательного гранта, который будет доступен в Личном кабинете на портале eGov.kz не позднее 10 августа. Если по результатам конкурса образовательный грант не присужден, в Личный кабинет также поступит уведомление с информацией об отказе.

Услуга реализована при участии Комитета государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК, АО «Национальные информационные технологии» и Министерства науки и высшего образования РК.

Справка: АО «Национальные информационные технологии» является оператором инфокоммуникационной инфраструктуры «электронного правительства», искусственного интеллекта и единой транспортной системы государственных органов, а также осуществляет системно-техническое обслуживание информационных систем центральных и региональных государственных органов.



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында білім беру гранттарын тағайындауға өтінім қабылдаудың басталуы туралы

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

о старте приема заявлений на присуждение образовательных грантов на eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile

За дополнительной информацией просим обращаться: Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ» Әсем Исабекова +7 701 689 46 91 press@nittec.kz; www.nittec.kz

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЖӘНЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

13 шілдеден бастап eGov Mobile мобильді қосымшасы мен eGov.kz порталында білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталады. Құжаттарды онлайн түрде 13 шілде сағат 09:00-ден 20 шілде сағат 18:00-ге дейін тапсыруға болады. Биыл қызмет жаңартылды. Енді жүйе талапкерге мемлекеттік білім беру грантының конкурстан тыс тағайындалғанын автоматты түрде тексереді.

Тексеру Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері негізінде автоматты түрде жүргізіледі. Егер талапкерге мемлекеттік білім беру гранты конкурстан тыс тәртіппен бұрыннан тағайындалған болса, жүйе бұл туралы өтінім беру кезінде хабарлайды. Мұндай жағдайда eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы қайта өтінім беру қажет болмайды.

Қалған талапкерлер өтінімді жалпы тәртіппен береді. Егер талапкер жеңілдік санатына жатса, өтінім беру кезінде тиісті мәртебе көрсетіледі және автоматты түрде расталады.

Өтінімді онлайн беру үшін пайдаланушыға: -eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» – «Білім» – «Жоғары білім» бөліміне кіру;

-«Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» қызметін таңдау;

-«Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу;

-міндетті жолдарды толтырып, сұрау салуға қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қою;

-жеке кабинетте өтінімнің мәртебесін қадағалау. Өтінімнің өңделгені туралы хабарлама «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі. eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өтінім беру тәртібі де осыған ұқсас.

Өтінім қабылдау кезеңінде жүктеме жоғары болған жағдайда eGov.kz порталы пайдаланушылар ағынын электрондық кезек арқылы реттейді. Электрондық кезекке қосылғаннан кейін пайдаланушының кезегі келгенде жүйе қызметке автоматты түрде қолжетімділік береді. Кезекті қолмен бақыламау үшін «Кезектің жақындағаны туралы SMS арқылы хабарлау» чекбоксын белгілеуге болады. Хабарлама мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөміріне 1414 нөмірінен жіберіледі. Егер телефон нөмірі базада тіркелмеген болса, оны қолмен енгізуге болады. Құту барысында браузер қойындысын жабуға немесе жаңартуға болмайды, әйтпесе пайдаланушы кезектегі орнынан айырылады.

Өтінім бергеннен кейін талапкер eGov.kz порталындағы жеке кабинетінде білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқаны туралы электрондық анықтама алады. Конкурс қорытындысы бойынша талапкерге білім беру грантының тағайындалғаны туралы электрондық сертификат беріледі. Ол 10 тамыздан кешіктірілмей eGov.kz порталындағы жеке кабинетте қолжетімді болады. Егер конкурс нәтижесі бойынша білім беру гранты тағайындалмаса, жеке кабинетке бас тарту туралы ақпарат қамтылған хабарлама жіберіледі.

Қызмет ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қатысуымен іске асырылды. Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз:

«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті
Әсем Исабекова
+7 701 689 46 91
press@nittec.kz;
www.nittec.kz

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ӨТКІЗУ НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті дәрілік заттарды көтерме және бөлшек саудада өткізу нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізуді бастады. Талдаудың негізгі мақсаты - аталған нарықтардағы бәсекелестіктің деңгейін бағалау, үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін анықтау.

Сонымен қатар, талдау барысында Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуы зерделеніп, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану белгілерінің болуы не болмауы анықталатын болады. Талдау нәтижесінде нарықтағы бәсекелестіктің дамуына кедергі келтіретін факторлар айқындалып, оларды жоюға бағытталған тиісті ұсыныстар әзірленетін болады.

НАЧАТ АНАЛИЗ РЫНКА РЕАЛИЗАЦИИ ЛЕКАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу приступил к проведению анализа состояния конкуренции на рынках оптовой и розничной реализации лекарственных средств.

Целью анализа является оценка состояния конкуренции на указанных товарных рынках, определение уровня конкуренции, выявление субъектов, занимающих доминирующее или монопольное положение, а также оценка целесообразности участия государства на данных товарных рынках.

В рамках анализа также будет установлено наличие или отсутствие признаков нарушения законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, включая факты злоупотребления доминирующим или монопольным положением.

Кроме того, анализ направлен на выявление факторов, препятствующих развитию конкурентной среды на указанных рынках, а также выработку предложений по их устранению.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ КӘСІБИ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Қазіргі таңда еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмысшылардың денсаулығын сақтау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Өндірістік ортада қызметкерлер әртүрлі зиянды факторлардың әсеріне ұшырауы мүмкін. Олардың қатарында өндірістік шаң, химиялық заттар, шу, діріл, жоғары немесе төмен температура, сондай-ақ ауыр физикалық жүктемелер бар. Осындай факторлардың ұзақ уақыт әсер етуі кәсіби аурулардың дамуына себеп болуы ықтимал.

Кәсіби аурулар – адамның еңбек қызметіне байланысты туындайтын аурулар. Олар жұмысшының денсаулығына кері әсер етіп қана қоймай, еңбек өнімділігінің төмендеуіне және уақытша немесе тұрақты еңбекке жарамсыздыққа алып келуі мүмкін. Сондықтан кәсіби аурулардың алдын алу мәселесі ерекше назарды талап етеді.

Жұмысшыларды кәсіби аурулардан қорғаудың негізгі тетіктерінің бірі – қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау. Бұл үшін жұмыс орындарында санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы, өндірістік бақылаудың жүргізілуі, желдету жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі және зиянды факторлардың деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізілуі қажет.

Сонымен қатар қызметкерлерді арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады. Жеке қорғаныш құралдарын дұрыс пайдалану зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіби аурулардың алдын алуда медициналық қарап-тексерулердің маңызы зор. Алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулер қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылауға, ауруларды ерте анықтауға және олардың асқынуына жол бермеуге көмектеседі.

Әрбір жұмысшы еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтап, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ал жұмыс берушілер еңбек жағдайларын жақсарту бойынша қажетті шараларды тұрақты түрде жүзеге асыруы қажет.

Жұмысшылардың денсаулығын қорғау – тек жеке адамның ғана емес, қоғамның да әл-ауқатына әсер ететін маңызды мәселе. Сондықтан кәсіби аурулардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастырудың басты кепілі болып табылады.

Е.Сейсембинов,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района
А.Касымханова,
Главный специалист

«СІБІР ЖАРАСЫ» АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ!

Сібір жарасы (күйдіргі) дегеніміз – жіті жұқпалы аурушаңдық болып табылады, ол ағзаның ауыр ула-нуы, қызба, көп жағдайда тері зақымданады (сирек кездесетіні ішек пен өкпенің зақымдануы). Аса қауіпті жұқпалар тобына жатады. Күйдіргімен барлық ауылшаруашылық жануарлар, жабайы аңдар, сонымен бірге адамдар да ауырады. Күйдіргінің қоздырғыштарының негізгі сақталатын жері топырақ, онда қоздырғыш 70 жыл не одан да көп сақталады және осы уақыт ауылшаруашылық жануарлары үшін ауру-дың ошағы болып табылады.

Адамдарға жұғу факторлары: ауырған малдардың еті және еттен жасалған өнімдері, қаны, сүйегі (ауру көздері), зарарланған сыртқы жамылғысы (жүні, терісі). Сонымен қатар су, топырақ, қи, қора ішіндегі, цехтағы ауа да ауру таратуға себепші болуы мүмкін. Адамдарға жұғу аурумен қатнаста болғанда, қоздырғыштардың адам терісіне, жарақат, сызат арқылы өтіп, адам ағзасында күйдіргінің тері түрі болуы мүмкін. Одан басқа зарарланған тағамдар және тыныс жолдарына дем алғанда қоздырғыштармен зарарланған ауа арқылы да жұғуы мүмкін.

Адамдар үшін инкубациялық мерзім, ауру қоздырғышы енгеннен соң, бірнеше сағаттан, 4-7 күнге дейін созылуы мүмкін. Аурудың дене қызуы 39-40°С дейін көтеріледі. Қызарған қатты бөртпе қышып жараға, карбункулға айналады. Ауру белгілері біліне бастасымен, дереу медициналық көмекке жүгіну керек, уақытында дәрігерге қаралмай, өз бетімен немесе халық емін қолдану арқылы емдеу бұл ауру үшін аса қауіпті. Қазіргі медицинадағы арнайы қолданылатын дәрілерді уақытында пайдаланған жағдайда, бұл аурудан құлан – таза айығып кетуге болады.

Күйдіргіні жұқтырудың алдын алудағы қажетті шаралары:

- Жануарлардың өнімдерін, жануарларды күту кездерінде жеке бас гигиенасын сақтау;
- мал өлексесін өз бетіңше жоймау;
- мал өлгенде немесе аурудан мал шарасыз сойылған жағдайда ветеринар мамандарға хабарлау;
- күйдіргіге қарсы егілген малдарды тек (!) 14 күннен кейін ғана сою;
- мал өнімдерін және етті көшеде, аула аралап, арнайы ветеринарлық бақылаудан өтпеген және сатуға тиісті рұқсатынсыз сататын бейтаныс адамдардан алмау.

Себебі олар көбінде ауырған малды сойып, ветеринарлық мамандарға көрсетпей, сатып жіберуге ты-рысады. Аурудың шығуына себеп болатын да осындай жағдайлар.

Е.Сейсембинов,
Ескелді аудандық СЭББ басшысы
А.Сатыбалдин, жетекші маманың МУА.

ПРОДАЁТЕ КВАРТИРУ ИЛИ МАШИНУ В 2026 ГОДУ? ВСЁ, ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ОБ ИМУЩЕСТВЕННОМ ДОХОДЕ В КАЗАХСТАНЕ



1 января 2026 года в Казахстане действует новый Налоговый кодекс. Правила изменились — разбира-ем без лишней воды.

Главное правило: налог платится только с при-были

Облагается не вся сумма продажи, а только раз-ница между ценой покупки и ценой продажи. Напри-мер, купили квартиру за 20 млн тенге, продали за 25 млн — налог считается только с 5 млн тенге.

НЕДВИЖИМОСТЬ: квартиры, дома, дачи, гаражи, парковки

Срок владения — ключевой фактор: Для освобождения от налога недвижимость должна находиться в собственности не менее 2 лет (вместо прежнего 1 года). Важно: это правило

применяется только к объектам, купленным с 1 января 2026 года. Если недвижимость приобретена до 2026 года — сохраняется прежнее правило: при владении более 1 года налог не платится.

Ставки налога с 2026 года — прогрессивные:

Базовая ставка остаётся 10%, но при прибыли свыше 8 500 МРП (около 36,7 млн тенге) на сумму пре-вышения применяется ставка 15%.

Повышенная ставка рассчитывается только с суммы превышения порога, а не со всей прибыли по сделке.

Пример: Купили за 30 млн, продали за 35 млн → прибыль 5 млн тенге → налог составит 500 000 тенге (10% от 5 млн).

АВТОМОБИЛЬ и другое движимое имущество

Здесь правила другие. Имущественный доход от прироста стоимости при продаже автомобиля воз-никает, если транспортное средство находилось в собственности менее 1 года с даты регистрации до даты продажи. Ставка — 10% от разницы между ценой продажи и покупки.

Владеете машиной больше года? Налога нет.

Декларация: не забудьте подать!

Продавец обязан подать налоговую декларацию по форме 270.00 до 15 сентября года, следующего за годом продажи. То есть, если продали в 2025 году — срок подачи до 15 сентября 2026 года.

Иностранцы — отдельные правила

Иностранцы всегда платят 15%, независимо от срока владения.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: СУДАҒЫ ҚАУШТЕН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Жаз мезгілінің келуімен тұрғындардың су айдындарында демалуға деген қызығушылығы артады. Алайда шомылу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты шомылу маусымында судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау әрбір азаматтың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың негізгі себептеріне рұқсат етілмеген орындарда шомылу, балаларды қараусыз қалдыру, мас күйінде суға түсу, жүзу құралдарын дұрыс пайдаланбау және қауіпсіздік талаптарын елемей жатады. Әсіресе балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажет. Кәмелетке толмағандардың ересектердің қарауынсыз су айдындарына баруына жол берілмеуі тиіс.

Шомылу үшін тек арнайы жабдықталған және рұқсат етілген жағажайларды таңдау ұсынылады. Мұндай орындарда су сапасына зертханалық бақылау жүргізіліп, аумақтың санитариялық жағдайы тұрақты қадағаланады. Ал белгіленбеген орындарда судың түбі, ағысының жылдамдығы және санитариялық жағдайы белгісіз болғандықтан, түрлі қауіп-қатерлер туындауы мүмкін.

Суға түсер алдында денсаулық жағдайын ескерген жөн. Ауа тем-пературасы өте жоғары кезде немесе дене қызған күйде бірден салқын суға секіру жүрек-қан тамырлары жүйесіне ауыр салмақ түсіреді. Сонымен қатар тамақтанғаннан кейін бірден суға түсу де ұсынылмайды.

Су арқылы жұғатын жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу мақсатында суды жұтпауға, белгісіз су көздерінде шомылмауға және жеке бас гигиенасын сақтауға назар аудару қажет. Шомылғаннан кейін таза сумен жуынып, қолды сабындап жуу ұсынылады.

Құрметті тұрғындар! Өзіңіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігі үшін судағы тәртіп ережелерін қатаң сақтаңыз. Қарапайым қауіпсіздік шараларын орындау қайғылы жағдайлардың алдын алуға және жазғы демалысты қауіпсіз өткізуге мүмкіндік береді.

Жазғы демалыстың қызығын қауіпсіздік талаптарын сақтай оты-рып көрейік!

Е.Сейсембинов,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района.
А.Касымханова,
Главный специалист.

2026 ЖЫЛЫ ПӘТЕР НЕМЕСЕ КӨЛІК САТЫП ЖАТЫРСЫЗ БА? ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮЛІКТІК ТАБЫС ТУРАЛЫ БЛУ КЕРЕК БАРЛЫҚ НӘРСЕ



2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексі қолданысқа енді. Ережелер өзгерді — барлығын қарапайым тілмен түсіндіреміз.

Негізгі ереже: салық тек пайдадан ғана төленеді

Сату сомасының барлығы емес, тек сатып алу бағасы мен сату бағасының айырмасы салық салынады. Мысалы, пәтерді 20 млн теңгеге сатып алып, 25 млн теңгеге сатсаңыз — салық тек 5 млн теңгеден есептеледі.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК: пәтерлер, үйлер, саяжайлар, гараждар, пар-кингтер.Иелік ету мерзімі — негізгі фактор:

Салықтан босату үшін жылжымайтын мүлік кемінде 2 жыл меншікте болуы керек (бұрынғы 1 жылдың орнына). Маңызды: бұл ереже тек 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап сатып алынған объектілерге қолданылады. Егер мүлік 2026 жылға дейін сатып алынған болса — бұрынғы ереже сақталады: 1 жылдан астам иеленген болса, салық төленбейді.

2026 жылдан бастап салық ставкалары — прогрессивті: Базалық ставка 10% күйінде қалады, бірақ 8 500 АЕК-тен (шама-мен 36,7 млн теңге) асатын пайдаға асқан сомаға 15% ставкасы қолданылады.

Жоғарылатылған ставка тек шекті мөлшерден асқан сомадан есептеледі, мәміле бойынша жалпы пайдадан емес.

Мысал: 30 млн теңгеге сатып алып, 35 млн теңгеге сатсаңыз → пай-да 5 млн теңге → салық 500 000 теңге (5 млн-нан 10%).

КӨЛІК және басқа жылжымалы мүлік

Мұнда ережелер басқаша. Көлікті сатқанда мүлктік табыс тіркеу күнінен сату күніне дейін 1 жылдан аз уақыт меншікте болған жағдайда туындайды. Ставка — сату мен сатып алу бағасының айырмасынан 10%.Көлікті 1 жылдан астам иеленіп отырсыз ба? Салық жоқ.

Декларация: ұмытпаңыз!

Сатушы 270.00 нысаны бойынша салық декларациясын сату жылы-нан кейінгі жылдың 15 қыркүйегіне дейін тапсыруға міндетті. Яғни, 2025 жылы сатсаңыз — тапсыру мерзімі 2026 жылдың 15 қыркүйегіне дейін.

Шетелдіктер — жеке ережелер

Шетелдіктер иелік ету мерзіміне қарамастан әрқашан 15% төлейді. Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы!

МӘНГІЛІК ҒҰМЫР



«Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Жыр жазсам, оған, жұртым,
өлеңдестім.

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім.»

Бұл жолдар- қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың өз шығармашылығына ғана емес, мәңгілік өнерге деген сенімінің көрінісі. Расында да, ақын өмірден өтсе де, оның жүрек тербетер жырлары халқымен бірге жасай береді. Быыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Бұл- бір ақынның ғана мерейтойы емес, ұлт руханиятының мерекесі.

Мұқағали Мақатаев- қазақ поэзиясына қайталанбас қолтаңбасын қалдырған дара тұлға. Ол жырларын-

да туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікті, анаға деген құрметті, адам жанының нәзік сезімдерін, өмірдің мәні мен уақыттың қадірін шынайы суреттеді. Ақынның әрбір өлеңінен шындық пен тазалықтың, мейірім мен адамгершіліктің лебі сезіледі. Сондықтан оның шығармалары әр дәуірдің оқырманына жақын әрі қымбат.

Мұқағалишығармашылығының басты ерекшелігі- оның қарапайым тілмен жүрекке жетуі. Ол оқырманмен сырласып отырғандай әсер қалдырады. Тұңғыш өлеңі 1948 жылы Нарынқол ауданында «Советтік шекара» газетінде басылды. Дәуір ұлылығын, замана шындығын шалқар шабыт, асқақ азаматтық пафос, терең философиялық ой, шынайы үлкен сезіммен бейнеленген «Қарлығашым келдің бе?» (1968),

«Дариға-жүрек» (1972), «Шуағым менің» (1975), «Өмір-өзен» (1978), «Соғады жүрек» (1982) және өзге де «Үш бақытым», «Аққулар ұйықтағанда», «Фариша, Фаризажан, Фариша қыз», «Райымбек! Райымбек!», «Есіңе мені алғайсың» секілді шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алды. Бұл туындыларда елге, жерге, ана тіліне деген адалдық пен адамзатқа ортақ асыл құндылықтар көркем өрнектелген. Ақынның өлеңдері мектептерде оқытылып, әдеби кештерде жатқа оқылады. Оның сөзіне жазылған әндер халықтың жүрегінен орын алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл- нағыз өнердің өміршеңдігін дәлелдейтін құбылыс.

«Мәңгілік ғұмыр» деген ұғым Мұқағали есімімен тығыз байланысты. Өйткені мәңгілік өмір- адамның тәнімен емес, артында қалдырған рухани мұрасымен өлшенеді. Мұқағали Мақатаев қазақ халқына сарқылмас рухани қазына қалдырды. Оның өлеңдері халықтың жүрегіне өмір сүріп, ұлт рухын асқақтата береді.

Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойы – ақын рухына тағзым ететін, оның шығармашылық мұрасын дәріптейтін ерекше белес. Ұлы ақынның өлмес жырлары әлі талай ұрпаққа жол көрсетіп, туған елге деген сүйіспеншілікті, адамдық пен адалдықты дәріптей беретіні сөзсіз. Өйткені Мұқағали- халқымен бірге мәңгі жасайтын ақын, ал оның поэзиясы- уақытқа бағынбайтын мәңгілік ғұмыр.

Р.Сембаева,
Шымыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ӨЛЕҢГЕ ҒАШЫҚ ЖҮРЕК



Өлең үміт арманым серігім де.

Өлең жігер, қайратым, сенімім де.

Тамырлас қып тағдырым меніменен,

Бірге қылып жаратқан сені мүлде...

Жергілікті қаламгерлердің шығармаларын оқу- туған өлкенің тарихын, мәдениетін және адамдарының өмірін тереңірек тануға жол ашады. Сондықтан олардың еңбегін дәріптеу- әдебиетке деген құрмет қана емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің де көрінісі.

Аудандық кітапхананың балалар бөлімі туған өлкенің әдеби мұрасын насихаттауға, жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығын танытуға бағытталған «Әдеби өлкем» жобасы аясында ауданымыздың жас ақыны, жыр мүшәйраларының жеңімпазы Салтанат Құмарханұлымен «Өлең – менің ғажайып қасиетім» атты әсерлі кездесу кешін өткізді.

Туған жердің тарихы мен әдебиетін танып-білу – әрбір жас ұрпақтың парызы. Өлкенің өткені мен бүгінін білу арқылы олар ұлттық құндылықтарды бағалап, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады. Сондықтан жас ұрпақтың туған өлке тарихы мен әдеби мұрасын зерделеуі олардың рухани дамуы мен азаматтық көзқарасының қалыптасуында маңызды орын алады.

Кездесудің басты мақсаты – оқырмандарды жас ақынның шығармашылығымен жақын таныстырып, поэзия әлемінің сырлы қырларын таныту, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру және кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту болды. Кездесу кешінің табиғат аясында өткізілуі оқырмандар мен ақын арасындағы еркін әрі жылы ортаның қалыптасуына ықпал етті. Іс-шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылық ізденістері туралы кеңінен әңгімеленіп, оның жыр жинағына шолу жасалды. Қатысушылар ақынның әдебиет әлеміне келу жолы, алғашқы шығармалары, өлең жазудағы мақсаты мен шабыт көздері туралы қызықты мәліметтер алды.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі – ақынның өз туындыларын оқырмандарға мәнерлеп оқып беруі болды. Табиғаттың сұлулығы, өмірдің мәні, туған тілдің қадір-қасиеті жайлы жырлар жас оқырмандардың көңілінен шығып, олардың ерекше ықыласына бөленді. Сонымен қатар ақын қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, шығармашылық жолындағы қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Кездесу кешіне жиналған оқырмандар ақын шығармашылығына үлкен қызығушылық танытып, еркін пікір алмасты. Әдеби кеш қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, поэзия әлеміне деген қызығушылықтарын одан әрі тереңдете түсті. Жергілікті қаламгерлердің шығармаларын оқу – туған өлкенің тарихын, мәдениетін және адамдарының өмірін тереңірек тануға жол ашады. Сондықтан олардың еңбегін дәріптеу – әдебиетке деген құрмет қана емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің де көрінісі.

Жазира Рахымқызы
аудандық кітапхананың
балалар бөлімінің кітапханашысы

АНА МЕН БАЛА АМАНДЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ
АБЗАЛ ЕҢБЕК

Адам өміріндегі ең қуанышты әрі жауапты сәттердің бірі – дүниеге жаңа өмірдің келуі. Сол сәттің сәтті өтуі, ананың да, нәрестенің де аман-есен болуы көбіне акушер-гинеколог дәрігерлердің кәсіби біліктілігіне, тәжірибесіне және адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Сондықтан бұл мамандық иелерінің қоғамдағы орны ерекше. Олар тек дәрігер ғана емес, жаңа өмірдің басталуына себепкер болатын, ана мен бала денсаулығын қорғауға бар күш-жігерін жұмсайтын абзал жандар.

Жыл сайын 15 шілдеде әлемнің көптеген елдерінде Халықаралық акушер-гинеколог дәрігерлер күні аталып өтеді. Бұл күн – әйелдердің денсаулығын сақтап, ана мен бала өмірін қорғауға өлшеусіз үлес қосып жүрген медицина қызметкерлерінің еңбегіне көрсетілетін құрметтің белгісі. Қоғам осы күні олардың кәсіби шеберлігіне, адал қызметіне және адам өмірі алдындағы зор жауапкершілігіне ерекше ризашылығын білдіреді.

Акушер-гинеколог – әйел денсаулығын сақтаумен айналысатын жоғары білікті маман. Ол қыз баланың денсаулығын бақылаудан бастап, жүктілікті жоспарлау, жүктіліктің қалыпты өтуін қадағалау, босандыру және босанғаннан кейінгі кезеңге дейінгі барлық медициналық көмекті көрсетеді. Сонымен қатар әйелдер арасында кездесетін түрлі гинекологиялық аурулардың алдын алып, оларды емдеумен айналысады. Сондықтан бұл мамандық терең білімді ғана емес, үлкен жауапкершілікті, сабырлылықты, мейірімділікті пен жанашырлықты талап етеді.



Қазіргі медицина қарқынды дамып келеді. Заманауи диагностикалық құралдар, жаңа емдеу әдістері мен жоғары технологиялардың енгізілуі акушерлік және гинекология саласының мүмкіндіктерін кеңейтті. Дегенмен, қандай технология болмасын, дәрігердің кәсіби тәжірибесі, жедел әрі дұрыс шешім қабылдай білуі және науқасқа деген жанашырлығы ең басты құндылық болып қала береді. Әсіресе босану кезінде әрбір минуттың, әрбір қабылданған шешімнің ана мен нәрестенің өміріне тікелей әсер ететінін ескерсек, бұл мамандықтың жауапкершілігі ерекше екені анық.

«Ана денсаулығы – ұлт саулығы» деген қанатты сөздің мәні терең. Себебі дені сау ана ғана дені сау ұрпақ тәрбиелей алады. Сондықтан әйелдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау – тек медицина саласының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл бағытта акушер-гинеколог

дәрігерлер профилактикалық тексерулер жүргізіп, түрлі аурулардың алдын алып, қауіпсіз ана болудың маңызын түсіндіру арқылы халық денсаулығын нығайтуға зор үлес қосып келеді. Бүгінде елімізде ана мен бала денсаулығын қорғауға ерекше көңіл бөлінуде. Заманауи перинаталдық орталықтар мен перзентханалардың материалдық-техникалық базасы нығайып, медициналық көмектің сапасы артып келеді. Мұның бәрі дәрігерлердің, акушерлердің, мейіргерлердің және жалпы медицина қызметкерлерінің қажырлы еңбегімен жүзеге асуда. Олар мереке мен демалысқа қарамай, тәулік бойы кезекшілік атқарып, әрбір ананың және әрбір сәбидің амандығы үшін аянбай еңбек етеді.

Акушер-гинекологтың жұмысы тек медициналық қызмет көрсетумен ғана шектелмейді. Болашақ ананың көңіл күйін түсіну, оған психологиялық қолдау көрсету, әрбір сұрағына

жауап беріп, сенім ұялату – олардың күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі. Осындай қамқорлық пен жанашырлықтың арқасында көптеген аналар өміріндегі ең жауапты кезеңді сеніммен және қуанышпен қарсы алады.

Ескелді ауданында да ана мен бала денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген акушер-гинеколог дәрігерлердің еңбегі ерекше құрметке лайық. Олар әрбір әйелдің денсаулығына асқан жауапкершілікпен қарап, жүктіліктің барлық кезеңінде сапалы медициналық көмек көрсетіп, жаңа өмірдің аман-есен дүниеге келуіне өлшеусіз үлес қосып келеді. Күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп, кез келген күрделі жағдайда кәсіби біліктілігі мен шеберлігін танытып жүрген ақ халатты абзал жандардың еңбегі – халық денсаулығының берік кепілі.

Ескелді ауданындағы акушер-гинекологтардың жоғары кәсібилігі, мейірімділігі, сабырлылығы мен адамгершілік қасиеттері көптеген отбасының шынайы алғысына бөленіп келеді. Әрбір дүниеге келген сәбидің алғашқы үні, ананың қуанышқа толы жанары мен отбасының бақыты – осы сала мамандарының адал

қызметінің нәтижесі. Олар тек білікті дәрігер ғана емес, аналарға сенім сыйлап, олардың қуанышы мен толқынысын бірге бөлісетін жанашыр жандар.

Халықаралық акушер-гинеколог дәрігерлер күні – ақ халатты абзал жандардың еңбегіне тағзым етіп, олардың қоғамдағы ерекше рөлін дәріптейтін мереке. Бұл күн – өмірге жаңа үміт сыйлап, ұлт саулығы жолында аянбай қызмет етіп жүрген мамандарға алғыс айтудың жарқын көрінісі.

Осынау кәсіби мереке қарсаңында Ескелді ауданының барлық акушер-гинеколог дәрігерлеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің кәсібиліктеріңіз, мейірімдеріңіз бен адал еңбектеріңіздің арқасында мыңдаған сәби өмірге аман-есен келіп, аналар бақыт құшағына бөленіп келеді. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс, кәсіби жетістіктер, сарқылмас күш-қуат және бақ-береке тілейміз. Халықтың сенімі мен құрметіне бөленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін! Ана мен бала амандығы жолындағы ерен еңбектеріңіз әрдайым ел игілігіне қызмет етіп, мерейлеріңіз үстем болғай! Дара Дана

ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫНДА БАЛАНЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ



Бала – қоғамның болашағы, ал оның жан-жақты дамуы отбасы мен білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуына оқу үдерісімен қатар, бос уақытын қалай өткізетіні де тікелей әсер етеді. Демалыс кезеңі – баланың дене және психологиялық тұрғыдан тынығып қана қоймай, шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа білім мен тәжірибе жинақтайтын маңызды уақыт. Сондықтан демалыс күндерін тиімді ұйымдастыру баланың денсаулығын нығайтуға, дүниетанымын кеңейтуге және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты балалардың көпшілігі бос уақытын смартфон, компьютер немесе теледидар алдында өткізеді. Мұндай әдет баланың денсаулығына ғана емес, оның әлеуметтік және рухани дамуына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Осыған байланысты ата-аналар мен мұғалімдердің міндеті – баланың бос уақытын мазмұнды әрі пайдалы етіп ұйымдастыру.

Бос уақытты тиімді ұйымдастырудың маңызы Бос уақыт – адамның өз қалауынша өткізетін уақыты. Балалар үшін бұл кезең тек ойын-сауықпен шектелмеуі керек. Себебі бос уақытты дұрыс ұйымдастыру арқылы бала жаңа қабілеттерін дамытады, өз қызығушылықтарын анықтайды және қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас жасайды.

Тиімді ұйымдастырылған демалыстың негізгі артықшылықтары: -денсаулықты нығайтады; -ойлау және есте сақтау қабілетін дамытады; -шығармашылыққа баулиды; -өздігінен шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады; -жауапкершілік пен еңбекқорлықты арттырады; -уақытты жоспарлауға үйретеді; -қарым-қатынас мәдениетін дамытады.

Кітап оқу – білімнің негізі Демалыс уақытында кітап оқу – баланың бос уақытын өткізудің ең пайдалы түрлерінің бірі. Кітап оқу арқылы бала сөздік қорын байытады, сауатты сөйлеуді үйренеді және логикалық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар көркем әдеби шығармалар

баланың қиялын дамытып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Балаларға қазақ және әлем әдебиетінің үздік шығармаларын оқу ұсынылады. Ертегілер, әңгімелер, тарихи шығармалар, танымдық энциклопедиялар мен ғылыми-көпшілік кітаптар олардың дүниетанымын кеңейтіп, білімге деген қызығушылығын арттырады.

Спорт және дене белсенділігі Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық. Сондықтан демалыс кезінде баланың спортпен тұрақты айналысуы өте маңызды. Спорт баланың денесін шынықтырып қана қоймай, оның ерік-жігерін, төзімділігін және тәртіпке бағынуын қалыптастырады.

Жүзу, футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика, велосипед тебу немесе таңертеңгілік жаттығулар баланың денсаулығын жақсартып, иммунитетін күшейтеді. Сонымен қатар спортпен айналысатын балалар өз қатарластарымен тез тіл табысып, ұжымда жұмыс істеуді үйренеді.

Табиғат аясында демалу Табиғат аясында өткізілген уақыт баланың денсаулығына ғана емес, оның эмоционалдық жағдайына да оң әсер етеді. Таза ауада серуендеу, саябаққа бару, тауға шығу, өзен-көл жағасында демалу немесе бақшада еңбек ету баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Осындай демалыс кезінде балалар өсімдіктер мен жануарлар дүниесін танып, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсінеді. Бұл олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әрбір баланың бойында ерекше қабілет болады. Демалыс уақыты сол қабілетті дамытуға қолайлы мүмкіндік береді. Сурет салу, қолөнермен айналысу, ән айту, би билеу, домбыра тарту, театр үйірмесіне қатысу немесе түрлі шығармашылық байқауларға қатысу баланың эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Шығармашылықпен айналысатын балалар өз ойын еркін жеткізіп, жаңашыл идеялар ұсына алады. Сонымен бірге мұндай жұмыстар олардың ұқыптылығын, шыдамдылығын және еңбекқорлығын арттырады.

Демалыс кезінде баланы үй шаруасына араластыру –

еңбек тәрбиесінің маңызды бөлігі. Үй жинау, бөлмені ретке келтіру, ыдыс жуу, гүлдерді күту, бақшадағы жұмыстарға көмектесу сияқты қарапайым міндеттер баланың жауапкершілігін арттырады.

Еңбекке баулу арқылы бала өз еңбегінің нәтижесін бағалауды үйренеді және ата-анасының еңбегін құрметтеуге тәрбиеленеді.

Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру

Демалыс – жаңа нәрселерді үйренуге таптырмас мүмкіндік. Балалар шет тілдерін меңгеріп, компьютерлік сауаттылықтарын арттырып, бағдарламалау, робот техникасы, шахмат, аспаздық немесе тіеіншілік сияқты пайдалы дағдыларды игере алады.

Бұл білімдер олардың болашақ кәсіби бағыттарын анықтауға көмектесіп, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттырады.

Отбасымен бірге өткізілетін уақыт

Баланың тұлғалық дамуына отбасының ықпалы өте зор. Демалыс күндері ата-аналар балаларымен бірге мәдени орындарға баруы, музейлер мен кітапханаларды аралауы, үстел ойындарын ойнауы немесе табиғат аясында серуендеуі пайдалы.

Ортақ уақыт өткізу отбасы мүшелерінің арасындағы сенімді нығайтып, баланың өзін қауіпсіз әрі бақытты сезінуіне ықпал етеді.Қазіргі заманның ажырамас бөлігі – ақпараттық технологиялар. Смартфон мен компьютер білім алуға мүмкіндік бергенімен, оларды шамадан тыс пайдалану көздің көру қабілетінің төмендеуіне, омыртқа ауруларына және қозғалыс белсенділігінің азаюына себеп болуы мүмкін.

Сондықтан ата-аналар балалардың экран алдында өткізетін уақытын бақылап, бос уақытын спортпен, кітап оқумен, шығармашылық жұмыстармен және достарымен белсенді қарым-қатынас жасаумен толықтыруы қажет.

Демалыс уақытында баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – оның жан-жақты дамуының негізгі шарттарының бірі. Кітап оқу, спортпен айналысу, шығармашылық жұмыстар, табиғат аясында демалу, үй шаруасына қатысу және отбасымен бірге уақыт өткізу баланың білімін тереңдетіп, денсаулығын нығайтады әрі өмірлік маңызды қасиеттерін қалыптастырады.

Бүгінгі таңда уақытты дұрыс пайдалана білетін, білімге құштар, дені сау және еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен педагогтың ортақ міндеті. Сондықтан әрбір демалыс күнін жоспарлап, баланың қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде еліміздің болашағын қалыптастыратын саналы, білімді, мәдениетті әрі жауапты азамат өсіп шығады.

Д.Қанатқызы

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫНДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Ескелді аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті алпыс төртінші сессиясы өтіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы және алдағы кезеңге арналған басым бағыттар жаны-жақты талқыланды. Сессия жұмысы

жергілікті атқарушы және өкілді билік арасындағы өзара іс-қимылды нығайтып, өңірдің тұрақты дамуына бағытталған маңызды мәселелерді саралауға арналды.

Жиынға Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, ауылдық округ әкімдері, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, құқық қорғау органдарының басшылары, бөлімдер мен мекемелердің, кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ескелді ауданы әкімінің мәслихат депутаттары алдындағы 2026 жылдың бес айында атқарылған жұмыстары туралы есебі болды.

Аудан әкімі өз баяндамасында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне жан-жақты тоқталды. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижелері сараланды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті қолдау, ауылдық елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту, автомобиль жолдарын жөндеу, ауызсу жүйелерін жетілдіру, елді мекендерді абаттандыру бағытындағы жұмыстар туралы нақты мәліметтер ұсынылды.

Баяндама барысында халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бағытында қолға алынған әлеуметтік бастамаларға да ерекше назар аударылды. Аз қамтылған азаматтарды қолдау, жұмыспен қамту шараларын кеңейту, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқаны атап өтілді.

Сессия барысында депутаттар күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз пікірлерін білдіріп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар сауалдар қойды. Әсіресе инфрақұрылымды жаңғырту, ауылдық округтердегі өзекті мәселелерді шешу, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, жолдардың жағдайын жақсарту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мәселелері кеңінен қозғалды.

Аудан әкімі депутаттардың сауалдарына нақты жауап беріп, көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін, бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда екенін жеткізді. Сондай-ақ алдағы уақытта инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, жаңа өндіріс орындарын ашу, ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін арттыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табатынын айтты.

Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өзара үйлесімді жұмысының маңыздылығына тоқталып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған бастамалардың тиімді жүзеге асуына тілектестік білдірді.

Сессия қорытындысында депутаттар аудан әкімінің 2026 жылдың бес айындағы қызметі туралы есебін талқылап, атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Нәтижесінде аудан әкімінің есебі «қанағаттанарлық» деп танылып, тиісті шешім бірауыздан қабылданды.

Кезекті сессия барысында қабылданған шешімдер өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, мемлекеттік бағдарламалардың сапалы орындалуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстардың алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатынын көрсетті.

Жергілікті атқарушы және өкілді биліктің өзара ынтымақтастығы ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған игі бастамалардың табысты жүзеге асуына негіз болмақ.

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның тұрақтылығы мен халықтың билікке деген сеніміне кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Ол тек заң бұзушылық қана емес, сонымен қатар адамгершілік құндылықтарға нұқсан келтіретін әлеуметтік дерт болып саналады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның себептері мен салдарын жою бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Заңнаманы

АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

жетілдіру, мемлекеттік қызметтердің ашықтығын арттыру, цифрландыру жүйесін енгізу және қоғамдық бақылауды күшейту – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті тұсы – ол қоғамдағы әділдік қағидаларын әлсіретеді. Пара беру мен пара алу, қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану сияқты әрекеттер азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіріп, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына кері ықпал етеді. Мұндай әрекеттерге немқұрайлы қарау

– жемқорлықтың тамыр жаюына мүмкіндік береді. Жемқорлықпен күрес ең алдымен әр адамның санасынан басталуы керек. Адал еңбек ету, заң талаптарын сақтау, өз құқығыңды білу және заңсыз әрекеттерге жол бермеу – әр азаматтың жауапкершілігі. Әсіресе жас ұрпаққа адалдық пен әділдік құндылықтарын дәрiптеу маңызды. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі ел болашағын қалыптастыратын тұлға. Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. Оқушылар мен

студенттерге адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерін насихаттау арқылы қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік кезқарасын қалыптастыруға болады. Сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардағы ашықтық пен есептілікті арттыру – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі. Азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенім қалыптасқан жағдайда ғана әділ әрі таза қоғам құру мүмкін болады. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген ұстаным әр адамның

өмірлік қағидасына айналуы тиіс. Елдің дамуы мен халықтың әл-ауқаты тек экономикалық көрсеткіштермен емес, қоғамдағы әділдік пен адалдық деңгейімен де өлшенеді. Қорытындылай келе, жемқорлықпен күрес – бір күндік науқан емес, үздіксіз жүргізілетін маңызды жұмыс. Әр азамат заңды құрметтеп, адалдықты басты құндылық ретінде қабылдаса, қоғамда оң өзгерістер орын алады. Таза қоғам құру – баршамызға ортақ міндет. Сыбайлас жемқорлыққа бірге қарсы тұрып, әділетті әрі жауапты мемлекет қалыптастыруға өз үлесімізді қосымыз қажет.

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ ВСТРЕЧ КАНДИДАТОВ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

№	Город/район	Объект и его местонахождение	Вместительность	Собственник/ арендатор
1	Ескельдинский район	ГККП "Районный дом культуры"п. Карабулак, улица Балпык би, № 55	300	Акимат Ескельдинского района
2	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Балпык би с.Кокжазык, улица Гагарина, № 2	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
3	Ескельдинский район	КГУ Каратальская СШ с.Каратал, улица С. Шегебайулы, № 68	150	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
4	Ескельдинский район	КГУ Жетысуская СШ с.Жетысу, улица Доскожанова, № 15	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
5	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Байысова с.Алдабергенова, улица Жамбыла, № 2	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
6	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Б. Жолбарысұлы с.Бактыбай, улица Рыскулова, № 36	150	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
7	Ескельдинский район	КГУ СШ С. Сейфулина с дошкольным мини-центром с.Елтай, улица Жансенгирова, № 30	50	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
8	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Ш. Валиханова, с.Акын Сара, улица Абая, № 1	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
9	Ескельдинский район	КГУ СШ имени О. Кошевого с.Ешиқолмес, улица Махамбет Отемисұлы, № 1	50	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
10	Ескельдинский район	КГУ Карабулакская СШ п.Карабулак, улица Аuezова, № 7	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
11	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Титова п.Карабулак, улица Акименко, № 2	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
12	Ескельдинский район	КГУ средняя школа Н. Алдабергенова п.Карабулак, улица Оразбекова, № 56	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу
13	Ескельдинский район	КГУ СШ имени Шестакова п. Карабулак, улица Жандосова, № 9	100	Отдел образования по Ескельдинскому району управления образования области Жетісу

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ РУЖАНИ ҚОРЖЫНЫНДА БОЛУЫ ТИІС КІТАПТАР

Мұхтар Әуезов “Абай жолы”. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі, салған сара жолы жайлы жазылған кітапты оқу — әр қазақтың міндеті. Күллі қазақтың өмірі суреттелген роман-эпопеяға француз жазушысы Луи Арагон XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі деп оң бағасын берген. Ал камерун жазушысы Бенджамин Матип кітапты оқып, “қазақ неткен ғажайып халық” деп тамсанған.

“Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ, әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5-6 жас. Сондықтан Абай қазір де оған аға есепті. Оспан келе бергенде бұ да құшағын жайып бетінен сүйді. Үлкендер бұлардың жаңа көріскенін сезіп, мына мінездерін кешіргендей. Бірақ, келесі минутта-ақ Оспан өзінің тентектігін танытытып, абыройдан айрыла бастады. Ол, “қайда жүрдің” деп ақырын сұраған Абайға жүресінен отырып, ағасының мойнынан құшақтап, өзіне қарай тартты да, құлағына бір нәрсе сыбыр етті. Бұнысы бір қатты нашар боқтық сөз еді. Шеткі үйде өзінің ағасы Тәкежаннан үйреніп келті. Сағынған ағасымен ең алғаш тіл қатқанының өзі осы”, — деп суреттейді автор Абай мен оның інісі Оспанның бірінші кітаптағы алғашқы кездесуін.

Сәбит Мұқанов “Аққан жұлдыз”. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған қазақтың ұлы ғалымы, демократ Шоқан Уәлихановтың өмірі мен елі үшін атқарған қызметі жайлы жазылған үздік туындылардың бірі. Автор шығыстану көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өткен Шоқан Уәлихановты ұзақ жылдар бойы зерттеген. Кітапта Шоқан дүниеге келмей тұрып, қазақ жеріндегі оқиғалар қамтылған. Автор бірінші кітапта басты кейіпкердің әкесі Шыңғыстың өміріне тоқталса, екінші томда Шоқан Уәлихановтың тұлға ретінде қалыптасуын шебер бейнелеген.

“Шоқан әкесіне іштей қатты наразы бола жүре, оларға тез көнеді. Нағашысы Мұсаға сырттай жақындаса жүре, «қарына тартпағанның, қары сынсын» дегендей, әке мен екеуінің бірін таңдауға келгенде, оның бүйрегі, әріне, әкеге бұрады. Оның басына да «хан тұқымымын» деген тәкаппарлық мықты ұялап алған. Мұсаны «қарасүйекке», өзін «ақсүйекке» санайтын ол, қанша жампаңдағанымен, нағашысын іштей кейде менсінбейді”, — дейді Сәбит Мұқанов.

Сәбит Мұқанов алғашында асылдың сынығы жайында төрт томдық кітапты жазуды жоспарлаған. Алайда екі кітап қана

жарық көріп, роман аяқталмай қалған.

Әбдіжамал Нұрпейісов “Қан мен тер”. Кітапта өткен ғасырдың алғашқы жиырма жылы сипатталған. Нақтырақ айтқанда, туындыда Арал теңізінің жанында өмір сүрген қазақ халқының революция кезіндегі тұрмыс салты, бай мен кедейдің қарым-қатынасы, әйел теңсіздігі көрініс тапқан. Трилогия “Ымырт”, “Сергелдең”, “Күйреу” атты кітаптардан құралған.

“Еламан теңізге тартты. Түнде жел тұрған ба, таяуда жауған үлпілдек қардың бет жағы борап, жағалаудың мұзы қайсыбір жерлерде кәдімгідей жалаңаштанып, ар жағы көктайғақтанып ырсиып қапты. Сонан бұл аң қар, көк мұз үстінде күні бойы жалғыз. Мұз ояды. Ау қарайды. Теңізге шыққанда, сірә да, маңындағы кісі — қараның бар — жоғын байқамайтын. Төбеде көк аспан. Табан асты көк теңіз. Екі дүние арасында жабырқау ойды жанына серік қып, күні бойы күйбендеп жүріп өмір жөнінде ойлайды. Өзі жөнінде ойлайды. Өзінің теңіз үстінде ғана емес, өмірде де жалғыз екенін ойлайды. Өке — шешеден ерте айрылды. Әкесімен бірге туған ағасы — Есбол бұл арадан бір күншілік жерде тұрады. Баласыз, жалғыз жетім шалдан қайыр шамалы. Ендігі жанашыр-да — немере іні — Рай. Бірақ ол жас. Өзі сияқты о да әке — шешеден жастай жетім қалды. Қазір қарт әжесі екеуі өз алдына түтін түтетіп отыр”, — деп автор бас кейіпкердің өмірін суреттейді.

“Ымырт” атты бірінші кітаптан алынған үзіндіден балықшылардың жұмысын жасау әркімнің қолынан келе бермейтінін түсінеміз.

Шерхан Мұртаза “Қызыл жебе”. Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов жайлы жазылған үздік кітап десек, артық айтқанысыз емес. Рысқұлов және оның әкесі жайында Мұхтар Әуезов те “Қараш-Қараш” повестын жазған еді. Ал Шерхан Мұртаза қазақ қамы үшін әділетсіздікпен арпалысып, тәуелсіздік жолында күрескен Тұрар Рысқұлов жайында ғұмырнамалық роман жазып, оның бұрын-сонды ел білмеген жақсы қырларын көрсетті. Автордың “Қызыл Жебе”, “Жұлдыз көпір”, “Қыл көпір”, “Тамұқ” атты кітаптарынан оқырман Тұрар Рысқұловтың өмірі және қызметімен, жақынырақ таныса алады.

“Қызыл Жебе Кесіктөбеге оқтай аттылып, аяғы жерге тиер-тимес бір-ақ топ етті. Ол шапқанда өлдебір қабылан қарғығандай, яки көлдегі көкала үйрекке аспаннан қаршыға құйылғандай көрінеді екен. Әйтеуір қалың халық өлгі жануардың аяғы жерге тиді ме, тимеді ме, соны байқај алмай «өң бе, түс пе?» деп болғаны ақиқат.

Тұсынан Қызыл Жебе мінген көкесі зу етіп өте шыққанда, Тұрарға көкесі ат

емес, найзағайға мініп көзілеспей ұшып өткендей көрінді. «О, Қызыл Жебе!» — деп тағы да тандана айқайлап жібергенін байқамай да қалды. Өз дауысынан өзі қысылып жан-жағына қараса, жан біткеннің бәрі: «Қызыл Жебе! Рысқұл! Қызыл Жебе! Рысқұл!» — деп жамырап тұр екен.Туған баласының алдында беделі жоқ әке сорлы. Рысқұлдың бағы бар екен. Тұрар оны пайғамбардай сыйлайды. Жер бауырлаған жеті жасар бала не біледі дейтіндердің соры қалың. «Әке көрген оқ жанар» болса, сол жеті жастағы жеткіншек Тұрар туған әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын жігерін көріп өсті. Тұрар үшін Рысқұл ер біткеннің ішіндегі одағай оқ жетпесі”, — деп жазады автор кітаптың бірінші томында.

Осы үзіндіден Тұрардың әкесінің арқасында осы оқиғадан үлкен сабақ алғанын байқауға болады. Ол егер батыл, қайсарлы болсаң, өмірден өз үлесінді алуға мүмкіндік бар дегенді дәл осы сәтте түсінгендей. Қызыл Жебені мінген әкесін көрген Тұрар, дәл осы тұлпардай жүйрік болуды мақсатына айналдырған еді.

Ілияс Есенберлин “Көшпенділер”. Қазақ елінің тарихын XV ғасырдан бастап көркем тілмен жазған автордың туындысы түркі тілдес халықтар үшін де бағалы десек, артық айтқанымыз емес. Алты кітаптан, бес ғасырлық оқиғадан тұратын тарихи эпопеяда батырлардың тәуелсіздік жолындағы ерлігі мен бабаларымыздың келер күнге деген сенімі айқын бейнеленген. Эпопеяның “Алмас қылыш ” деп аталатын кітабынан алынған үзіндіге назар салсақ, XIV ғасырда кімнің және қалай билік жүргізгенін жақсы түсінеміз.

“Бір мың үш жүз қырық екінші жылы Батудың ұрпағы Алтын Орданы ісләм дініне бағындырған Өзбек хан өлді. Содан кейін Дәшті Қыпшақ жеріндегі осы ханның атымен атала бастаған Өзбек ордасының тағына бір мың төрт жүз жиырма жетінші жылы Әбілқайыр ие болды. Бұл Жошының бесінші ұлы Сайбаннан тараған Дәулет-Шайхы сұлтанның баласы. Қазір оның Мөңке жолы деп отырғаны жоғарғы айтылған Мөңке ханның қанды оқиғасы. Расында да бұл қанды оқиға Шыңғыс ұрпақтарына белгілі сара жолға айналған.

Әбілқайыр теріс бұрылып түсті. «Мөңкеден кейін де бұл қанды жанжал өршелене түскен жоқ па еді? Иә, сөйтті ғой».

Мөңке өлгеннен кейін Шыңғыстан туған төрт ұл ұрпағы төрт дара болып кетеді. «Талас тек Шыңғыстан туған төрт ұл ұрпақтарының арасында болып қойды

ма? Жошыдан туған балаларының арасының өзі де сан алуан қанды оқиғаларға айналған жоқ па?» Әбілқайыр ауыр күрсінді. «Иә, Шыңғысханнан кейін бүкіл әлемге аты шыққан Жошының ұлы Батухан мен Төленің балалары Құбылай мен Құлағу болды...”, — деп автор ханның ойларын оқырманға барынша қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізеді.

Әбіш Кекілбаев “Үркер”. Кітапта автор қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдерге тоқталып, дәлірек айтқанда XII, XVIII ғасырлар аралығында орын алған оқиғаларды жазған. Әбіш Кекілбаев тарихи деректерге шыеініп, оқырманға сол заманның шындығын, қазақтың тәуелсіздікке деген күресін қарапайым тілмен түсіндіруге тырысқан. Басты кейіпкерлердің прототиптері: Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр. Ал Тевкелевтің немесе бүкіл елдің атынан сөйлеген билер: Төле, Қазыбек, Әйтеке. “Кісіден тайсалмайтын Әбілқайыр сол бірте-бірте лайытып мағынасызданып бара жатқан өлмеші жанарларға қарай алмай көзін аударып әкетті. Ат үстінде тұрып мынау қоғадай жусап жатқан үйірдің айғырын іздеді. Көпке дейін таба алмады. Бір уақыттарда барып тапты-ау әйтеуір...

Өзгелері тілдері салақтап, көздері аларып қылжия құласа, ол екі көзіне қан толып, қара жерді сүзе құлапты. «Апырай, жарықтық-ай мыналарды мынау араңға өзі бастап әкелді ме екен, әлде соңынан қиқу шықса болды, құдайдың кең даласында бұлтарып кететін жер табылмайтындай, қапталдаса шабатын араншымен тайталасып, басқа-көзге қарамай өңмендейтін кәрі аруақтары қозып, есірік желікке берілген қалың нөпір оны да ықтырып әкеп орға жықты ма екен?» — деп ойлағанды. Сол-ақ екен тұла бойы тұршігіп қоя берді”, — деп жазады Әбіш Кекілбаев. Автор кейіпкерінің іс-әрекеттерін жетік суреттеу арқылы оқырманға оның жан дүниесінде не жатқанын ашып береді.

Бауыржан Момышұлы. “ Ұшқан ұя”. Қазақ елінің салт-дәстүрі, тарбиесі жайлы жазылған құнды әрі сирек кітаптардың бірі. Апасының ақылын тыңдап, бала күнінен әке кеңесін жадына сақтап өскен халық батырының осы шығармасы патриоттық тәрбие негізі. “Ұшқан ұяны” оқыған адамның қазақ елі жайында пікірі нақтылана түседі.

“Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымының ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп ескіше сауатын ашып алыпты.’

Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір

білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген.

Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді”, — дейді Бауыржан Момышұлы кітабында.Оқырманның бір бөлігі кітапты оқи отырып батырдың балалық шағын өз басынан өткергендей күй кешетінін айтады.

Тахауи Ахтанов “Боран”. Басында оқырманға “Дала сыры” деген атаумен жол тартқан кітапты кейін автор қайта толықтырып, “Боран” романын жарыққа шығарды. Романда Кеңес Үкіметінің тұсында өмір сүрген адамдардың өмірі баяндалады. Боран астында қалып қойған бас кейіпкер Қоспан арқылы автор, адамның рухани күші шексіз мүмкіндіктерге ие екенін көрсеткісі келгендей.“Биылғы жылдың қысы Қоспанға ауыр тиді. Жылдағы әдетінше Қостағанды қыстап отыр. Қорасының маңы жусаны мен иезіні аралас шылғін болса да Қоспан оны алтындай сақтап, қар екі жауған маңайламай киіз үй тігіп көшіп жүрді. Әйтпегенде қайтсын, алыстағы қыстауға пішен тасылған жоқ. Қора маңының отына өзі шауып алған азғана шағырын қосып талшық қып келе жатқан.

Биыл қыс аумалы-төкпелі болып, қойын ұзатып әкете алмай жақын төңіректі шиырлап тастап еді. Және бір қиын болғаны колхоздың малын қауырт көбейтпек болып, бірақ қойшысы мен қорасын кеткізе алмаған басқарма Қоспанның отарына үш жүз тоқты қосты. Күн райы бұзылса-ақ қорадан шыға алмай тамақ сұраған баладай шырылдап мазасын алады. Азғана шөбінің арты шөмпііп, қыпылдап жүрген Қоспан кешеден бері күннің шырайы кіргенсін қойын Құзғын адырына қарай айдап кеткен. Үйде әйелі Жаңыл қалды, көмекші бала Қаламұшті колхоз орталығына дүкенге жұмсады”. Осы үзіндіден Қоспан тек өз өмірі үшін емес, қорасындағы жануарлардың жағдайы үшін де қам жейтінін байқауымыз. Колхоздың малына Қоспан басымен жауап береді.

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ
ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ

№ п/п	Населенный пункт	Наименование конструкции	Месторасположение	Адрес	Размер	Собственник	Аренда
Ескельдинский район							
Кайнарлинский сельский округ							
1	село Кайнарлы	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Нурманбетова	1x2	ГУ «Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа»	безвозмездно
2	село Кайнарлы	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице К. Токаева	1x2	ГУ «Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа»	безвозмездно
Кокжазыкский сельский округ							
3	село Кокжазык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Мустафа Шокай на пересечении с улицей Амангельды	1x2	ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»	безвозмездно
4	село Кокжазык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жандосова на пересечении с улицей Кашаубаева	1x2	ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»	безвозмездно
5	село Кокжазык	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Достык на пересечении с улицей Каратал	1x2	ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа»	безвозмездно
Толенгутский сельский округ							
6	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Доскожанова на пересечении с улицей Алтынсарина	1x2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
7	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Ескелди би на пересечении с улицей Ескелды	1x2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
8	село Жетысу	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Доскожанова на пересечении с улицей Молдагулова	1x2	ГУ «Аппарат акима Толенгутского сельского округа»	безвозмездно
Акын Саринский сельский округ							
9	село Акын Сара	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Абая	1x2	ГУ «Аппарат акима Акын Саринского сельского округа»	безвозмездно
10	село Акын Сара	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Сатпаева	1x2	ГУ «Аппарат акима Акын Саринского сельского округа»	безвозмездно
Конырский сельский округ							
11	село Коныр	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Абая	1x2	ГУ «Аппарат акима Конырского сельского округа	безвозмездно
12	село Коныр	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Мектеп	1x2	ГУ «Аппарат акима Конырского сельского округа	безвозмездно
Алдабергеновский сельский округ							
13	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Нурмакова на пересечении с улицей Боранбаева	1x2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
14	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Молодежная на пересечении с улицей Нурманбетова	1x2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
15	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жамбула на пересечении с улицей Ленина	1x2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
16	село Алдабергенова	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жамбула на пересечении с улицей Чубарская	1x2	ГУ «Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа»	безвозмездно
Бактыбайский сельский округ							
17	село Бактыбай	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жансугурова на пересечении с улицей Школьная	1x2	ГУ «Аппарат акима Бактыбайского сельского округа»	безвозмездно
18	село Бактыбай	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жансенгирова на пересечении с улицей Менисова	1x2	ГУ «Аппарат акима Бактыбайского сельского округа»	безвозмездно
Каратальский сельский округ							
19	село Каратал	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице С. Шегебайулы на пересечении с улицей Алмабала	1x2	ГУ «Аппарат акима Каратальского сельского округа»	безвозмездно
20	село Каратал	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Бопау на пересечении с улицей Гарышкер	1x2	ГУ «Аппарат акима Каратальского сельского округа»	безвозмездно
Жалгызагашский сельский округ							
21	село Жалгызагаш	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Г. Орманова	1x2	ГУ «Аппарат акима Жалгызагашского сельского округа»	безвозмездно
22	село Жалгызагаш	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Боранбаева	1x2	ГУ «Аппарат акима Жалгызагашского сельского округа»	безвозмездно
Карабулакский сельский округ							

ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ
ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ

23	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Сатпаева на пересечении с улицей Оразбекова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
24	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Балпык би на пересечении с улицей Жакыпбаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
25	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Победа на пересечении с улицей Ауэзова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
26	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Токтарова на пересечении с улицей Копесбаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
27	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Оразбекова на пересечении с улицей Сатпаева	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
28	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Почтовая на пересечении с улицей Молдагулова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
29	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Темиргали	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
30	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Шереметова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
31	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Бактыбай	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
32	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице М. Маметова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
33	село Карабулак	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Ауэзова	1х2	ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»	бездвозмездно
Сырымбетский сельский округ							
34	село Сырымбет	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Тельман на пересечении с улицей Балпык би	1х2	ГУ «Аппарат акима Сырымбетского сельского округа»	бездвозмездно
35	село Сырымбет	стенд	Стенд на остановке общественного транспорта	по улице Жакыпбаева на пересечении с улицей Алатау	1х2	ГУ «Аппарат акима Сырымбетского сельского округа»	бездвозмездно

ОРМАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, жердің «жасыл өкпесі». Ол ауаны тазартып, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ортасын сақтайды, климаттың тұрақтылығына ықпал етеді. Алайда орманға төнетін ең үлкен қауіптердің бірі – өрт. Орман өрті мыңдаған гектар жерді күлге айналдырып, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің жойылуына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан орман өрт қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың міндеті.

Орман өртінің пайда болу себептері

Орман өрттері табиғи және адам әрекетінен болатын себептерге байланысты туындайды. Табиғи себептердің қатарына найзағайдың түсуі, ұзақ уақытқа созылған аптап ыстық пен құрғақшылық жатады. Бірақ көптеген орман өрттері адамның жауапсыз әрекеттерінен болады.

Ең жиі кездесетін себептер:

- Сөндірілмеген алау немесе от жағу;
- Темекі тұқылын орманға тастау;
- Шыны бөтелке немесе әйнек қалдықтарының күн сәулесін шағылыстыруы;
- Қоқысты жағу;
- Орманда қауіпсіздік талаптарын сақтамау;
- Ауыл шаруашылығы алқаптарындағы құрғақ шөпті өртеу.

Статистика бойынша орман өрттерінің басым бөлігі адамның салғырттығынан орын алады. Орман өртінің зияны

Орман өрті табиғатқа және қоғамға үлкен шығын келтіреді. Ең алдымен ағаштар, бұталар мен шөптер жанып кетеді. Сонымен қатар жануарлар мен құстардың мекендеу ортасы жойылып, көптеген тіршілік иелері қаза табады.

Өрттің негізгі зардаптары:

- Орман қорының азаюы;
- Биологиялық алуан түрліліктің

төмендеуі;

- Атмосфераның түтінмен және көмірқышқыл газымен ластануы;
- Топырақ құнарлылығының төмендеуі;
- Елді мекендер мен шаруашылықтарға қауіп төнуі;
- Үлкен экономикалық шығын.

Орманды қалпына келтіру үшін ондаған жылдар, кейде ғасырлар қажет болуы мүмкін.

Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері

Орманға демалуға немесе саяхатқа шыққан әр адам қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс.

Негізгі ережелер:

- Рұқсат етілген жерден басқа жерде от жақпау;
- Алау жаққаннан кейін оны толық сумен немесе топырақпен сөндіру;
- Темекі тұқылын жерге тастамау;
- Қоқысты, әсіресе шыны бөтелкелерді орманда қалдырмау;
- Құрғақ шөп пен бұталарды өртемеу;
- Желді күндері от жақпау;
- Балалардың отпен ойнауына жол бермеу.

Осындай қарапайым ережелерді сақтау көптеген орман өрттерінің алдын алады.

Орман өрті кезінде қалай әрекет ету керек?

Егер орманда өрт байқалса, ең алдымен үрейге бой алдырмай, қауіпсіз жерге шығу қажет.

Мынадай әрекеттерді орындаған дұрыс:

- 1.Өрт туралы дереу төтенше жағдайлар қызметіне хабарлау.
- 2.Жел бағытын анықтап, жалынға қарсы емес, жанама бағытта қозғалу.
- 3.Қалың түтіннен ауыз бен мұрынды дымқыл матамен қорғау.
- 4.Жалынға жақындамау және өз бетімен үлкен өртті сөндіруге тырыспау.
- 5.Қауіпсіз ашық алаңға немесе су айдынының маңына шығу.

Қ ұ ы т қ а р ы ш ы л а р д ы ң нұсқауларын орындау.

Егер өрт шағын болса және қауіп төндірмесе, оны топырақпен, құммен немесе су арқылы сөндіруге болады.

Орман өртінің алдын алу шаралары

Орман өрттерінің алдын алу – табиғатты қорғаудың маңызды бөлігі. Бұл бағытта мемлекет пен қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Алдын алу шаралары:

- Орман аумағында тұрақты бақылау жүргізу;
- Өрт қауіпті кезеңде орманға кіруді шектеу;
- Өртке қарсы минералды жолақтар жасау;
- Бақылау мұнаралары мен бейнекамераларды пайдалану;
- Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Орман қызметкерлерін арнайы техникамен қамтамасыз ету;
- Жастарға экологиялық тәрбие беру.

Қазіргі таңда өртті ерте анықтау үшін дрондар, спутниктер және арнайы бақылау жүйелері кеңінен қолданылады.

Әр адамның жауапкершілігі

Орман – болашақ ұрпаққа қалатын табиғи мұра. Сондықтан әр адам табиғат аясында демалған кезде өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Бір ғана сөндірілмеген от немесе тасталған темекі тұқылы мыңдаған гектар орманның жанып кетуіне себеп болуы мүмкін.

Табиғатты қорғау – тек мамандардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Орман өрттері табиғатқа, жануарлар дүниесіне, адамдардың денсаулығы мен экономикаға орасан зор зиян келтіреді. Сондықтан әр азамат орманда болған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы қажет. Табиғатты қорғау, өрттің алдын алу және жауапкершілікпен әрекет ету арқылы ғана біз ормандарымызды сақтап, келер ұрпаққа таза әрі көркем табиғат қалдыра аламыз. Орманды қорғау – туған жерді қорғау деген сөз.

Истыбаев Серікжан, Көксу орманшылығының орман күтушісі.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ – САНАЛЫ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді қазақ халқы. Адамның ішкі мәдениеті мен тәрбиесі ең алдымен оның сөйлеген сөзінен байқалады. Сөз – адамдарды жақындастыратын, достықты нығайтатын, ізгілікке жетелейтін күш. Ал балағат сөздер – адам бойындағы ашу-ыза мен дөрекіліктің көрінісі. Өкінішке қарай, қазіргі таңда балағат сөздерді күнделікті өмірде, көшеде, қоғамдық орындарда, тіпті әлеуметтік желілерде де жиі кездестіреміз. Кейбір жастар мұны заман ағымына сай қалыпты құбылыс деп қабылдайды. Алайда мұндай әдеттің жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға тигізер зияны өте зор. Сондықтан балағат сөздер – ұрпақтың санасын улайтын қауіпті дерт.

Жастардың балағат сөздерді жиі қолдануына бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, отбасы тәрбиесі. Бала ең алғаш сөйлеуді ата-анасынан үйренеді. Егер үйде үлкендер дөрекі сөйлесе, бала да соны қалыпты жағдай ретінде қабылдайды.

Екіншіден, қоршаған орта. Достар арасында немесе мектепте балағат сөздерді қолдану әдетке айналса, өзгелері де сол ортаға бейімделуге тырысады.

Үшіншіден, әлеуметтік желілер мен интернеттің ықпалы. Кейбір блогерлер мен ойын платформаларында, бейнероликтерде балағат сөздер еркін айтылады. Жасөспірімдер оларды қайталап, күнделікті сөздік қорына енгізіп жатады.

Тағы бір себеп – көркем әдебиеттің аз оқылуы. Кітап оқитын адамның сөздік қоры байып, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Ал әдеби тілден алшақтаған сайын адамның сөздік қоры жұтандап, дөрекі сөздер көбейеді.

Балағат сөздердің ең үлкен зияны – адамның рухани мәдениетін төмендетуі. Әдепсіз сөздерді жиі айтатын адамның мінезі де дөрекіленіп, ашуға тез берілетін болады. Мұндай адаммен қарым-қатынас жасау қиынға соғады.

Сонымен қатар балағат сөздер қоғамдағы сыйластық пен адамгершілік құндылықтарды әлсіретеді. Дөрекі сөйлесу ұрыс-керіс пен жанжалдың көбеюіне себеп болады. Кейде бір ғана орынсыз айтылған сөз үлкен дауға, тіпті құқық бұзушылыққа дейін жеткізуі мүмкін.

Балалардың психологиясына да мұндай сөздердің әсері ерекше. Үнемі балағат сөз еститін бала оны қалыпты жағдай деп қабылдап, өзі де қолдана бастайды. Бұл оның тәрбиесіне, мінезіне және болашақтағы тұлғалық дамуына кері әсер етеді.

Балағат сөздер адамның беделіне де

нұқсан келтіреді. Қай ортада болмасын мәдениетті, сыпайы сөйлейтін адам құрметке ие болады. Ал аузынан дөрекі сөз түспейтін адам туралы жағымды пікір қалыптаспайды.

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше бағалаған халық. «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақалдар сөздің құдіретін көрсетеді. Би-ешендеріміз дау-дамайды қарумен емес, даналық сөзбен шешкен. Олар әр сөздің салмағын сезініп, ойды анық әрі көркем жеткізе білген.

Бүгінгі ұрпақ та сол асыл мұраны жалғастыруы керек. Ана тіліміздің байлығы мен көркемдігін сақтау – әр азаматтың парызы. Әдемі әрі сауатты сөйлеу адамның білімділігі мен мәдениетінің белгісі.

Балағат сөздердің таралуына қарсы күрес әрбір отбасынан басталуы тиіс. Ата-аналар балаларына үлгі болып өзара сыйластықпен сөйлесуі қажет. Үйдегі жылы сөз бен мейірімді қарым-қатынас баланың дұрыс тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Мектептерде оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Әдеби шығармаларды оқу, шешендік өнерді меңгеру, пікірсайыс үйірмелеріне қатысу – оқушылардың сөздік қорын байытады.

Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде мәдениетті қарым-қатынасты насихаттау маңызды. Танымал тұлғалар мен блогерлер де жастарға үлгі болып, өз сөздеріне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Әр адамның өзі де күнделікті сөзін бақылап, балағат сөздердің орнына сыпайы әрі мәнді сөздерді қолдануға қауыптанғаны жөн. Сөз мәдениетін қалыптастыру – үздіксіз еңбекті қажет ететін қасиет.


Қорыта айтқанда, балағат сөздер – адамның мәдениетін төмендетіп, қоғамдағы сыйластықпен адамгершілікке нұқсан келтіретін қауіпті дерт. Ол жастардың дүниетанымына теріс әсер етіп, олардың рухани дамуына кедергі жасайды. Сондықтан әрбір азамат өзінің сөйлеген сөзіне жауапкершілікпен қарап, ана тілінің тазалығын сақтауға атсалысуы қажет.

Сыпайы сөз – адамды биіктетеді, ал дөрекі сөз – беделін түсіреді. Тіліміздің байлығын сақтап, көркем сөзді қадірлеп білсек, саналы, мәдениетті әрі тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруға үлкен үлес қосамыз.

Әрбір айтылған сөздің салмағын сезініп, жылы сөзді өмірлік қағидаға айналдыру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Дара Дан

КҮННІҢ ЫСТЫҒЫ – АДАМ МЕН ТАБИҒАТҚА ӘСЕРІ



Жер бетіндегі тіршіліктің негізгі көзі – Күн. Күннің жарығы мен жылуы болмаса, Жер бетінде тіршілік те болмас еді. Өсімдіктер фотосинтез процесі арқылы өсіп-өнеді, адамдар мен жануарлар өмір сүреді, табиғаттың барлық құбылыстары Күннің энергиясымен тығыз байланысты. Алайда Күннің пайдасымен қатар, оның шамадан тыс ыстығы адам денсаулығына, табиғатқа және шаруашылыққа аятарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Соңғы онжылдықтарда әлем бойынша ауа температурасының жоғарылауы жиілеп, аптап ыстық ұзақ уақытқа созылатын болды. Мұндай құбылыс жаһандық климаттың өзгеруімен, парниктік газдардың көбеюімен және қоршаған ортаның ластануымен байланыстырылады. Аптап ыстық тек жайсыздық туғызып қана қоймай, денсаулыққа қауіп төндіріп, құрғақшылық пен орман өрттерінің көбеюіне себеп болады. Сондықтан күннің ыстығының әсерін түсіну және одан қорғану жолдарын білу өте маңызды.

Күннің ыстығы қалай пайда болады?

Жер Күнді айналған кезде оның әр бөлігіне күн сәулесі әртүрлі бұрышпен түседі. Жаз мезгілінде біздің аймақта Күн сәулесі тік түсетіндіктен, жер беті қатты қызады. Қызған жер өз кезегінде ауаны жылытады, нәтижесінде ауа температурасы көтеріледі.

Кейбір аймақтарда ауа температурасы +40 °C-тан да жоғары болуы мүмкін. Әсіресе бұлтсыз күндері және жел аз болған кезде ыстықтың әсері күшейеді. Қалаларда асфальт, бетон және ғимараттар күннің жылуын ұзақ сақтайтындықтан, мұндай жерлерде температура одан да жоғары болады. Бұл құбылыс «қалалық жылу аралы» деп аталады.

Климаттың өзгеруі және аптап ыстық Қазіргі таңда әлем ғалымдары жаһандық жылынудың әсерінен аптап ыстықтың жиілеп келе жатқанын айтуда. Атмосферада көмірқышқыл газы, метан және басқа да парниктік газдардың көбеюі Жерден бөлінетін жылудың ғарышқа толық шығуына кедергі келтіреді. Соның салдарынан жер шарының орташа температурасы жылдан-жылға өсіп келеді.

Температураның жоғарылауы тек адамдарға ғана емес, табиғатқа да әсер етеді. Мұздықтардың еруі, өзендердің тартылуы, құрғақшылықтың жиілеуі және табиғи апаттардың көбеюі – климаттың өзгеруінің негізгі белгілері.

Күннің ыстығының адам денсаулығына әсері

Аптап ыстық кезінде адам ағзасы дене температурасын қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін көп күш жұмсайды. Ағза терлеу арқылы салқындайды, бірақ осы кезде су мен минералды тұздар көп мөлшерде жоғалады. Егер жоғалған сұйықтықтың орны толтырылмаса, адам су-сызданады.

Ыстықтың адамға тигізетін негізгі әсерлері:

- дененің әлсіреуі;
- бас ауруы;
- бас айналу;
- жүрек айну;
- қан қысымының өзгеруі;
- тыныс алудың қиындауы;

-күн өту;

-естен тану.

Әсіресе балалар, егде жастағы адамдар, жүкті әйелдер және жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдар аптап ыстыққа өте сезімтал келеді.

Күн сәулесінің құрамындағы ультракүлгін сәулелер теріні күйдіріп, оның ерте қартаюына әсер етеді. Ұзақ уақыт қорғанышсыз күн астында жүру тері ауруларының қаупін арттыруы мүмкін.

Табиғатқа әсері

Аптап ыстық табиғаттағы көптеген өзгерістерге әкеледі. Жауын-шашын азайып, өзендер мен көлдердің су деңгейі төмендейді. Топырақ құрғап, өсімдіктердің өсуі баяулайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімі азайып, мал жайылымдары тозады.

Құрғақшылық орман мен дала өрттерінің шығу қаупін бірнеше есе арттырады. Құрғақ шөп пен жапыраққа түскен кішкентай ұшқынның өзі үлкен өртке айналуы мүмкін. Өрт кезінде мыңдаған гектар орман жойылып, жануарлар мекенінен айырылады.

Сонымен қатар аптап ыстық құстар мен жабайы жануарларға да ауыр әсер етеді. Су көздерінің азаюы олардың тіршілігін қиындатады.

Күн тиюдің белгілері

Күн тию — біз дене қызып кеткенде шалдығатын жағдай. Ыстық кезде ұзақ физикалық белсенділіктің немесе жоғары температуралар әсерінен адамға ыстық өтеді.

Дене температурасының көтерілуі. Кейде ол 40 градусқа дейін жетеді;

Сананың шатасуы, түсініксіз сөйлеу, ашуланшақтық және басқа да мінез-құлық өзгерістері;

Бас ауыруы;

Тершеңдік, терінің бозаруы және жабысқақтың сезімі;

Аяқ, қол және іш құрысуы;

Жиіленген тыныс алу мен та-мыр соғуы;

Жүрек айну мен құсу;

Су ішкісі келе беру.

Күн тисе не істеу керек?

Күн тиген болса, ең алдымен жедел жәрдем шақыру керек немесе айналаңыздағы адамдардан анық шақыруын сұраңыз. Содан соң салқындау жер табу керек. Ол жақын жердегі сауда үйі немесе көлеңке жер болуы мүмкін.

Егер жеңі ұзын жейде немесе аяққа жабысып тұратын шалбар киіп алған болсаңыз, мүмкін болса тез суу үшін оларды шешіңіз. Егер ондай мүмкіндік болмаса, шалбардың балағы мен жейденің жеңін барынша қайырыңыз. Егер қол астында сүлгі, мұз және басқа салқын заттар болса, оларды бетке, маңдайға, мойынға және қолтық тұсына қойыңыз.

Дәрігерлер келгенше су ішуге асықпаңыз. Себебі күн өткен кей адамдарда жұту проблемасы болады.

Қауіп тобына кімдер жатады?

Егде жастағы адамдар; Созылмалы аурулары бар науқастар. Олардың ағзасы ыстықтың ағзаға әсерінен болатын жүктемені көтере алмауы мүмкін;

Диабеті бар адамдар. Бұл кезде ағза ылғалды жылдам жоғалтады және бұл аурудың кей асқынулары қан тамырлар жағдайын және тер бөліну қабілетін өзгертуі мүмкін; Балалар.

Ауыл шаруашылығына әсері

Қазақстан – ауыл шаруашылығы дамыған мемлекеттердің

бірі. Сондықтан ауа райының өзгеруі егіншілік пен мал шаруашылығына тікелей ықпал етеді.

Қатты ыстық кезінде:

- егіннің өнімі төмендейді;
- жайылымдағы шөп құрайды;
- су тапшылығы пайда болады;
- малдың өнімділігі азаяды;
- топырақтың құнарлылығы төмендейді.

Осындай жағдайлардың алдын алу үшін су үнемдеу технологияларын енгізу, ағаш отырғызу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану маңызды.

Аптап ыстықтан қорғану жолдары

Денсаулықты сақтау үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Ең алдымен, күннің ең ыстық мезгілі – сағат 11:00 мен 17:00 аралығында ұзақ уақыт сыртта жүрмеген дұрыс. Егер сыртқа шығу қажет болса, міндетті түрде бас киім киіп, жеңіл әрі ашық түсті киім таңдаған жөн.

Күні бойы жеткілікті мөлшерде таза су ішу өте маңызды. Газдалған және тәтті сусындардың орнына қарапайым ауыз суды таңдаған дұрыс. Жеміс-жидек пен көкөністі көбірек тұтынып, ауыр тағамдарды азайту қажет. Сонымен қатар бөлмені жиі желдетіп, күн сәулесі тікелей түсетін терезелерді пердемен жабу пайдалы.

Егер адамның дене қызуы көтеріліп, басы айналып немесе жүрегі айныса, оны бірден көлеңкеге апарып, салқын су беріп, қажет болған жағдайда дәрігер шақыру керек.

Қоғамның рөлі

Аптап ыстық кезінде мемлекеттік мекемелер, денсаулық сақтау ұйымдары және жұмыс берушілер халықтың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуі тиіс.

Қоғамдық орындарда ауыз су қолжетімді болуы, саябақтардағы жасыл аймақтар көбейтілуі, ағаштар отырғызылып, көшелер көгалдандырылуы маңызды. Ашық аспан астында жұмыс істейтін адамдарға демалыс уақыты мен көлеңкелі орындар ұйымдастырылуы қажет.

Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары халыққа күннің ыстығынан қорғану жолдары туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізгені дұрыс.

Табиғатты қорғау – ыстықтың әсерін азайтудың жолы

Жасыл желек пен орман алқаптары ауа температура-сын төмендетуге ықпал етеді. Сондықтан ағаш отырғызу, саябақтарды көбейту және табиғатты қорғау – климаттың өзгеруіне бейімделудің маңызды шараларының бірі.

Әр адам қоршаған ортаны таза ұстап, ағаштарды қорғап, табиғатты аялауға өз үлесін қоса алады. Табиғатты қорғау – тек бүгінгі күн үшін емес, болашақ ұрпақ үшін де маңызды міндет.

Күннің ыстығы – табиғи құбылыс болғанымен, оның шамадан тыс күшеюі адам өміріне, денсаулығына, табиғатқа және экономикаға үлкен әсер етеді. Сондықтан аптап ыстық кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жеткілікті су ішу, күннің ең ыстық уақытында сыртта ұзақ жүрмеу және табиғатты қорғау шараларына атсалысу қажет.

Климаттың өзгеруі бүкіл әлемді алаңдатып отырған мәселе. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, ағаш отырғызу, суды үнемдеу және табиғатты аялау – әр азаматтың ортақ міндеті. Табиғатқа қамқорлық жасай отырып, біз өз денсаулығымызды, еліміздің экологиялық жағдайын және болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қоса аламыз.

Күннің ыстығына бейімделу – тек сақтық шараларын сақтау ғана емес, табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің маңызды бөлігі.

Жансерік Бауыржанұлы

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Табиғат – адамзаттың өмір сүруінің негізгі тірегі. Оның байлығы мен әсемдігі адам өмірінің сапасына тікелей әсер етеді. Сол табиғаттың ең қымбат қазыналарының бірі – орман. Орманды халық ежелден «жердің жасыл өкпесі» деп атаған. Себебі ол ауаны тазартып, оттегін бөліп шығарады, климатты реттейді, өзен-көлдердің тартылып қалуына жол бермейді және мыңдаған жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ортасы болып табылады. Сонымен қатар орман адамдардың демалатын, денсаулығын нығайтатын және табиғаттың әсемдігін тамашалайтын орны саналады.

Әкінішке қарай, соңғы жылдары әлемде де, Қазақстанда да орман өрттерінің саны артып келеді. Жаз мезгіліндегі аптап ыстық, құрғақшылық және желдің күшеюі өрттің тез таралуына себеп болса, оның басты себебі – адамдардың табиғатқа салғырт қарауы. Бір ғана сөндірілмеген алау немесе темекі тұқылы үлкен апатқа айналып, мыңдаған гектар орманды күлге айналдыруы мүмкін. Сондықтан орманды өрттен қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Орманның адам өміріндегі маңызы

Орманның табиғат пен адам үшін маңызы өте зор. Ол атмосферадағы көмірқышқыл газын сіңіріп, ауаны оттегімен байытады. Ғалымдардың айтуынша, бір гектар орман жылына ондаған тонна шаңды ұстап қалып, мыңдаған текше метр ауаны тазартады. Сонымен қатар орман жердің ылғалдылығын сақтап, құрғақшылықтың алдын алады және климаттың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Орман жануарлар дүниесінің мекені болып табылады. Мұнда аңдар, құстар, жәндіктер мен өсімдіктердің мыңдаған түрі тіршілік етеді. Кейбір сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер тек орман экожүйесінде ғана өмір сүре алады. Сондықтан орман өрті олардың табиғи мекенін жойып, кейбір түрлердің мүлде жойылып кету қаупін арттырады.

Сонымен қатар орманның экономикалық маңызы да зор. Ағаш өндірісі, дәрілік өсімдіктер, саңырауқұлақтар, жидектер мен бал шаруашылығы халық шаруашылығына үлкен пайда әкеледі. Туризмнің дамуына да орманның қосатын үлесі ерекше.

Орман өртінің негізгі себептері

Орман өрттері табиғи және адам әрекетінен болатын себептерге байланысты пайда болады.

Табиғи себептердің қатарына найзағайдың түсуі, ұзақ уақытқа созылған құрғақшылық, аптап ыстық және қатты жел жатады. Мұндай жағдайларда құрғақ шөптер мен ағаштар тез тұтанып, жалын үлкен аумаққа таралады.

Алайда көптеген зерттеулер көрсеткендей, орман өрттерінің басым бөлігі адамның жауапсыз әрекетінен болады. Адамдардың орманда қауіпсіздік талаптарын сақтамауы үлкен апатқа әкеледі.

Ең жиі кездесетін себептер:

- темекі тұқылын жерге тастау;
- қоқыс жағу;
- шыны бөтелкелер мен әйнек қалдықтарын қалдыру;
- құрғақ шөпті өртеу;
- балалардың отпен ойнауы;
- техникадан шыққан ұшқындар.

Бір адамның салғырттығы тұтас орман алқабының жойылуына себеп болуы мүмкін.

Орман өртінің зардаптары

Орман өрті табиғатқа ғана емес, адамдарға да үлкен зиян келтіреді. Жалын жүздеген, тіпті мыңдаған гектар орманды жойып жібереді. Ағаштардың қайта өсуіне ондаған жылдар қажет болады.

Өрт кезінде көптеген жануарлар мен құстар қаза табады немесе мекенін тастап кетуге мәжбүр болады. Кейбір сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың саны күрт азаяды.

Сонымен қатар өрттен шыққан қою түтін атмосфераны ластап, адамдардың тыныс алу мүшелеріне зиянын тигізеді. Әсіресе балалар, қарттар және созылмалы ауруы бар адамдар үшін мұндай түтін өте қауіпті.Өрттің экономикалық шығыны да өте үлкен. Өртті сөндіруге арнайы техника, ұшақтар, тікұшақтар және жүздеген мамандар жұмылдырылады. Ал өртенген орманды қалпына келтіруге ондаған жыл қажет.

Орманға демалуға барған әр адам қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде сақтауы керек.

Біріншіден, тек арнайы рұқсат етілген жерде ғана от жағуға болады. От жаққаннан кейін оның толық сөнгеніне көз жеткізу қажет. Ол үшін үстіне молынан су құйып немесе топырақпен көму керек.

Екіншіден, темекі тұқылын, сіріңкені немесе басқа жанғыш заттарды жерге тастауға болмайды. Тіпті кішкентай ұшқынның өзі құрғақ шөпті тұтатып жіберуі мүмкін.

Үшіншіден, орманда қоқыс қалдырмау керек. Әсіресе шыны бөтелкелер күн сәулесін жинақтап, құрғақ шөптің жануына себеп болуы мүмкін.

Төртіншіден, жел күшейген немесе ауа райы өте құрғақ болған кезде от жағудан толықтай бас тартқан дұрыс.

Өрт шыққан жағдайда не істеу керек?

Егер орманда өрт байқалса, ең алдымен сабыр сақтау қажет. Алдымен қауіпсіз жерге шығып, өрт туралы төтенше жағдайлар қызметіне немесе орман шаруашылығының мамандарына дереу хабарлау керек.

Егер өрт әлі кішкентай болса және адам өміріне қауіп төндірмесе, оны су, топырақ немесе құм арқылы сөндіруге болады. Бірақ үлкен өртті өз бетімен сөндіруге әрекет жасау қауіпті.

Қалың түтін кезінде ауыз бен мұрынды дымқыл шүберекпен жауып, желдің бағытына қарсы емес, жанама бағытта қозғалған дұрыс. Қауіпсіздік – ең басты қағида.

Орманды тек мемлекеттік мекемелер ғана емес, бүкіл қоғам қорғауы тиіс. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру әр адамның отбасынан басталады. Балаларды кішкентайнан табиғатты аялауға, қоқыс тастамауға және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға үйрету маңызды.

Еріктілердің орманды тазалау акциялары, ағаш отырғызу шаралары және экологиялық сабақтар жастардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа жасалған үлкен үлес.

Орман – мемлекетіміздің табиғи байлығы ғана емес, халқымыздың ортақ мұрасы. Сондықтан оны сақтау – баршамыздың азаматтық парызымыз.

Орман – тіршіліктің қайнар көзі, табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол адамға таза ауа, әсем табиғат және мол табиғи ресурстар сыйлайды. Алайда орманды сақтау үшін әрбір адам жауапкершілік танытуы қажет. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, табиғатқа ұқыпты қарау және қоршаған ортаны қорғау арқылы ғана біз ормандымызды аман сақтай аламыз.

«Бір тал кессең – он тал ек» деген халық даналығы табиғатты қорғаудың маңызын көрсетеді. Сол сияқты әр адам «Орманды өрттен сақтайық!» деген ұстанымды өмірлік қағидасына айналдыруы тиіс. Жасыл орманды қорғау – туған жерді, еліміздің табиғатын және келешек ұрпақтың болашағын қорғау деген сөз. Табиғатқа қамқорлық жасау – өз болашағымызға қамқорлық жасау.

Дүйсек Бакыт,

Көксу орманшылығының,

орман күтушісі.

АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Алдабергенев ауылдық округі әкімшілігі тұрғындарға қолайлы әрі сапалы қызмет көрсету мақсатында жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтер бойынша тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Бүгінде Алдабергенев ауылдық округі әкімшілігі төмендегі 5 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
2. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқық алу;
3. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату;
4. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
5. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

Осы мемлекеттік қызметтерді тұрғындарға кеңінен таныстыру және оларды алу тәртібін түсіндіру мақсатында ауылдық округ аумағында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында тұрғындарға мемлекеттік қызметтердің түрлері, қажетті құжаттар тізбесі, қызмет көрсету мерзімдері және өтініш беру тәртібі туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік қызметтерді тиімді пайдалануына ықпал ету мақсатында арнайы дайындалған ақпараттық жадынамалар таратылды.

Тұрғындар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тиісті мамандардан нақты жауаптар алды. Алдағы уақытта да Алдабергенев ауылдық округі әкімшілігі мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға және тұрғындардың уақытылы әрі сапалы қызмет алуына мүмкіндік береді.

«Алдабергенев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЕСІРТКІ, НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Есірткі, нашақорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу – қоғамның денсаулығын сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі.

Есірткіні қолдану адамның денсаулығына ауыр зиян келтіреді. Ол жүйке жүйесін зақымдап, тәуелділікке әкеледі, оқу мен еңбекке деген ынтаны төмендетеді, отбасылық және әлеуметтік мәселелердің туындауына себеп болады. Сонымен қатар, есірткінің заңсыз айналымы қылмыстың көбеюіне әсер етеді.

Нашақорлық пен есірткінің алдын алу мақсатында:

- тұрғындар арасында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- жастарды спортқа, мәдени және қоғамдық іс-шараларға тарту;
- мектептерде, мекемелерде және қоғамдық орындарда профилактикалық кездесулер ұйымдастыру;
- ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- есірткінің заңсыз айналымы туралы құқық қорғау органдарына дер кезінде хабарлау қажет.

Есірткі, нашақорлыққа қарсы күрестің басты мақсаты – халықтың, әсіресе жастардың денсаулығын қорғау, олардың зиянды әдеттерге бой алдырмауына ықпал ету және қауіпсіз қоғам қалыптастыру.



«Алдабергенев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІ 2026Ж. 3 ТОҚСАНЫНА

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі «ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІНІҢ» № 224-VII кодексінің 11 бөлімінің 120 бабы 4 тармағына сәйкес, Жетісу облысы бойынша 2026 жылдың 3 тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 64 421 теңгені құрайды, осыған сәйкес, кедейлік шегі 45 095 теңге (64 421 x 70%) мөлшерінде анықталды.

Г.Ауельбекова,
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлім басшысының м.а.

ЧЕРТА БЕДНОСТИ НА 3 КВАРТАЛ 2026Г. К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

В соответствии с «СОЦИАЛЬНЫМ КОДЕКСОМ» Республики Казахстан от 20 апреля 2023 года № 224-VII ЗРК. Глава 11, статьи 120 пункта 4 - прожиточный минимум по области Жетісу на 3 квартал 2026 год составил 64 421 тенге, черта бедности определена в размере 45 095 (64 421 x 70%).

Г.Ауельбекова
И.о. Руководителя районного отдела занятости и социальных программ

АҚПАРАТТАНДЫРУ

«Жетісу Шұғыласы» газеті 2026 жылдың 23 тамызына белгіленген Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдеде жарияланған №1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлығын басшылыққа ала отырып, сайлау қарсаңында газет бетінде және сайтта хабарландырулар мен үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызметін ұсынады.

Газеттің басылым алаңдары мен сайтта жариялау туралы төлемдердің тәртібі мен мөлшері:

1. Сайлау комиссиясының ақпараттарын орналастыруға арналған басылым алаңдарының бағасы: 1 шаршы сантиметрі үшін – 300 теңге.
2. Қатысатын үміткерлердің сайлау үгіт материалдарды орналастыруға арналған басылым бағасы 1 шаршы сантиметрі үшін – 300 теңге.
3. Сайлауалды үгіт материалдар, модуль, баннерді орналастыру тәртібі:

– «Жетісу Шұғыласы» газетінің сайтына <https://eskeldi-eli.kz>

мен сайтта жариялау туралы төлемдердің тәртібі мен мөлшері:

1. Сайлау комиссиясының ақпараттарын орналастыруға арналған басылым алаңдарының бағасы: 1 шаршы сантиметрі үшін – 300 теңге.
2. Қатысатын үміткерлердің сайлау үгіт материалдарды орналастыруға арналған басылым бағасы 1 шаршы сантиметрі үшін – 300 теңге.
3. Сайлауалды үгіт материалдар, модуль, баннерді орналастыру тәртібі:

– «Жетісу Шұғыласы» газетінің сайтына <https://eskeldi-eli.kz>

да орналастыру үшін (күніне 5 материалға дейін) күнделікті – 15000 теңге;

– әлумаулеттік желілерде тарату 1 тәулік үшін – 4500 теңге.

4. Төлем «Жетісу Шұғыласы» ЖШС берген есеп-шот негізінде есеп-шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Қолданыстағы заңға сәйкес үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін кандидаттардың өтініштері жазбаша нысанда және электрондық пошта арқылы мына мекенжай бойынша қабылданады: 040500, ҚР, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Саппаева к-сі, 67. Электрондық пошта: eskeldi_eli@mail.ru.

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

“ҚАУІПСІЗ ҮЙ” ЖПІШ –
СІЗДІҢ ҮЙІҢІЗ ҚОРҒАУДА!

МӘСЕЛЕ

ШЕШІМ

МАСТЫҚҚА ЖӘНЕ
ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚҚА
ҚАРСЫ

ОТБАСЫДАҒЫ
ҚАУІПСІЗДІК ПЕН
ТЫНЫШТЫҚ ҮШІН

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫН
КҮШЕЙТІЛГЕН ПАТРУЛЬДЕУ

ҮЙЛЕРДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ТӘРТІПКЕ КӨМЕКТЕСУ

ТҰРҒЫНДАРМЕН
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
ӘНГІМЕЛЕРУ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ
ТӨМЕНДЕТУ

ҮНСІЗ ҚАЛМАҢЫЗ!
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 102
(тәулік бойы)

2026 жылдың 17–19 шілде аралығында аудан аумағында «Қауіпсіз үй» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрғын үйлер мен мүліктің сақталуына қатысты профилактикалық жұмыстарды күшейту, сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Есіңізде болсын: Ешкімнің зорлық-зомбылық көрсетуге құқығы жоқ. Жәбірленуші заңмен қорғалады.

Полиция қорғау нұсқамасын шығарып, құқық бұзушыға заңда көзделген шектеулер қолдана алады. Зорлық-зомбылыққа төзбеңіз! Үнсіз қалмаңыз! Сіздің қауіпсіздігіңіз – басты құндылық.

Осыған байланысты аудан тұрғындарын жеке және ортақ мүліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, есік-терезелердің сенімді жабылуын бақылауға, күмәнді адамдар мен жағдайлар туралы дереу 102 нөміріне хабарлауға шақырамыз.

Қауіпсіздік – баршамызға ортақ жауапкершілік!
Ескелді аудандық полиция бөлімі

НАВАРЛАНДЫРУ

28.08.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы, Біржан Сал көшесі 22 мекенжайы бойынша, Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан "Талдықорған жолдары" фирмасы» ЖШС өндірістік базасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Талдықорған жолдары» фирмасы» ЖШС, БСН 060140000856, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Біржан Сал көшесі, 102А. Тел. 87079110208, office@tk-zholdary.kz. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

28.08.2026г., в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, село Акын Сара, улица Біржан Сал 22 будут проводиться общественные слушания по Производственной базе ТОО «Фирма «Талдықорған жолдары» расположенного в Ескельдинском районе области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Фирма «Талдықорған жолдары», БИН 060140000856, адрес: область Жетісу, город Талдықорған, ул.Биржан Сал, 102А. тел. 87079110208, office@tk-zholdary.kz. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Открылось наследственное дело на имя гражданина -Жиргаловой Ка-
лимаш Курманғалиевны, дата смерти- 19.05.2026 .
Наследников просим обратиться к нотариусу Карабулак, р.м.- 3-00-99

ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа» сообщает о том что выявлено бесхозяйное имущество в виде земельного участка расположенный по адресу: Кокжарыкский сельский округ, село Кокжарык, улица Фрунзе № 8 (нынешнее Байсеитова).Правообладателя (собствен-
ника) указанного имущества просим в течение года со дня публикации
данного объявления обратиться в акимат Кокжарыкского сельского
округа и предоставить подтверждающие документы на право соб-
ственности. Данное имущество будет поставлено на учет в регистри-
рующий орган как бесхозяйное и в дальнейшем оформлено в коммуналь-
ную собственность в соответствии с законодательством.

ГУ «Аппарат акима Кокжарыкского сельского округа»
Адрес: село Кокжарык, улица Кашаубаева 61, 87283635182
kokzhazyk@mail.ru

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және даму комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспахана-сында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабулак ауылы, Саппаева көшесі, 67 үй.	Осы шыға- рылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 937 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	--	--	--	---	--